



КӨНІЛ АЙТУ ЖЕДЕЛХАТЫН ЖОЛДАДЫ



Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Рас-Лаф-фан өнеркәсіптік орталығында болған кайғылы оқиға салдарынан көптеген адамның жаракат алуына және із-түзсіз жоғалуына байланысты Қатар Әмірі шейх Тәммим бен Хамад Әл Тәниге көңіл айтты.

— Осындай қиын сәтте Қатарға тілектеспіз және адамдарды іздегіру-құтқару жұмыстарына қолдау білдіреміз, — делінген жеделхатта.

ЕЛГЕ ҚЫЗМЕТ ЕТУ — ЕЛДІК ДӘСТҮР

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың мемлекеттік қызметшіге қатысты айтқан салмақты пікірі, байсалды бағасы бар. 2024 жылдың 20 ақпанында Мемлекет басшысы Президенттік жастар кадр резервінің форумына қатысқан болатын. Сол жиында мемлекеттік қызметші болу антқа адалдық екенін атап өткен еді.

«Мемлекеттік қызметшінің сапасы бүкіл еліміздің сапасы деп айтуға болады.

...Мемлекеттік қызметші болу — антқа адал болу деген сөз», — деп еді Президент.

→ 3



«ӘДІЛЕТ» ПАРТИЯСЫНЫҢ ФИЛИАЛДАРЫ ҚҰРЫЛДЫ



Қазақстанның барлық өңірінде «Әділет» партиясының филиалы құрылып, мемлекеттік тіркеуден толық өтті.

Партияның аумақтық бөлімшелері еліміздің барлық облысы мен Астана, Алматы және Шымкент қалаларында ашылды. Қазір аумақтық филиалдарының басқару органдарын жасақтау мақсатында төрағалар мен басшылық органдарды сайлау және бастауыш партия ұйымдарын құру бойынша дайындық жұмыстары жүргізіліп жатыр. Аумақтық желіні қалыптастыру — партияның ұйымдастырушылық құрылымын дамытудың маңызды кезеңі десек, бұл қадам азаматтармен тікелей байланыс орнатуға және партия бастамаларын жергілікті деңгейде дамытуға мүмкіндік береді.

Естеріңізде болса, өңірлік филиалдарды құру туралы шешім «Әділет» партиясының ІІ съезінде қабылданып, тиісті Ережеге сәйкес бекітілген болатын. Құжатта партияның өңірлік құрылымдарының құқықтық мәртебесі, жұмыс тәртібі, басқару және ішкі бақылау жүйесі айқындалған.

«Әділет» партиясы мемлекеттік тіркеуден 2026 жылғы 1 маусымда өтті.

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ БРЮССЕЛЬГЕ РЕСМИ САПАРМЕН БАРДЫ



Қазақстан Президентінің келуіне орай Бельгия астанасының әуежайында Құрмет қарауылы ротасы сап түзеді.

Қасым-Жомарт Тоқаевты Еуропа Одағының Орталық Азия бойынша арнайы өкілі Эдуардс Стипрайс пен басқа да ресми тұлғалар қарсы алды.

Ертең Еуропалық кеңестің штаб-пәтерінде Еуропа Одағының басшылары Антониу Коштамен және Урсула фон дер Ляйенмен екіжақты келіссөздер жүргізіледі. Сапар аясында бірқатар маңызды бірлескен құжатқа қол қойылады.

Брюссельге ресми сапармен барған Президент Қасым-Жомарт Тоқаев қазіргі уақытта Бельгияда білім алып, жұмыс істеп жатқан Қазақстан азаматтарымен кездесті. Мемлекет басшысы өңімелесу барысында отандастарымызды жаңа Конституцияның қабылданыуымен құттықтады.

— Жалпыхалықтық референдумда халқымыз бірауыздан, біртұтас қоғам болып Конституция-

мызды қолдады. Өте керемет құжат, 1 шілдеде күшіне енеді. Ата заңымыз халқымыздың темірқазығы болады. Сондықтан баршаныңды шын жүректен жаңа Конституцияның қабылданыуымен құттықтаймын, — деді Президент.

Сонымен қатар Президент шетелде білім алып, жұмыс істеп жүрген отандастарымызға қолдау білдірді.

— Елімізге сіздер сияқты білімді, көзі ашық, көкірегі ояу жастар қажет. Қай жерге барсам да жастарға қолдау білдіріп жүремін. Шын мәнінде, бұл жай айтыла салған сөз емес. Жастарға қолдау көрсету — мемлекеттің ұзақмерзімді саясатының бір бөлігі. Жастарымыз әлемнің әр түркірінде білім алып, еңбек етуде. Мен Президент ретінде мұны қолдаймын. Себебі қай жерде жүрсеніз де, қазақ

болып қаласыз. Біз озық, дамыған, әділетті ел болуымыз керек. Осындай елдің негізін қалау үшін бәріміз бір ел, бір халық болып атсалысуымыз керек, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің жаңа Негізгі заңында білім мен ғылымды және инновацияны дамыту мемлекет қызметінің стратегиялық бағыты ретінде белгіленгенін айтты. Сонымен қатар жастарды бірнеше шет тілін меңгеруге шақырды.

Отандастар оқу мен жұмыстағы жетістіктері жөнінде әңгімелеп, келешек жоспарларымен бөлісті. Атап айтқанда, KU Leuven университетінің 3 курс студенті Әлім-Сері Махамбетәлі Бельгиядағы қазақстандық студенттер қауымдастығы, ал Аружан Болатбекова Брюссельдегі Kazakh Speaking Club қызметі туралы баяндады.

Кездесу соңында Президент Бельгияда тұратын студенттер мен Қазақстан азаматтарына табыс тіледі.

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ ЖАҢА МАҚСАТТАРЫ

EURONews арнасының сайтында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың авторлық мақаласы жарияланды. Президенттің Брюссельге сапары қарсаңында жарық көрген мақалада Қазақстан мен Еуропа Одағы арасындағы ынтымақтастықтың жаңа сипаты жайлы айтылған.

Қасым-Жомарт Кемелұлы өз мақаласында Қазақстан мен ЕО арасындағы серіктестік бұрынғыдан да маңызды екенін атап өтті. Әрі стратегиялық ынтымақтастықтың келесі деңгейін қалыптастыру үшін қажет негізгі үш мақсатты атады. Мемлекет басшысы 2015 жылы Кеңейтілген серіктестік және ынтымақтастық туралы келісімге (ЕРСА) қол қойылғаннан кейінгі он жылда Еуропа Одағы Қазақстанның ең ірі сауда және инвестициялық серіктесіне айналғанын тілге тиек етті.

«Елімізде мыңдаған еуропалық компания табысты жұмыс істеп, экономикамызды жаңғырту мен әртараптандыруға жәрдемдесе отырып, Еуропаға да пайда әкеліп жатыр. Алайда тез құбылып жатқан әлемде бұл жеткілікті ме? Менің ойымша, олай емес», — деп жазды Қ.Тоқаев.

Мемлекет басшысы Брюссельге айқын мотивация және нық сеніммен оралғанын, Қазақстан мен ЕО арасындағы серіктестік бұрынғыдан да маңызды бола түскенін, оны нығайта беру қажет екенін жазды. Бұл ынтымақтастық екі жақ үшін үш нақты стратегиялық мақсатты көздейтін атады.

Қазақстан Президенті ынтымақтастықтың келесі сатысы бірінші кезекте тұрақтылықты нығайтуға, екіншіден барлық деңгейдегі байланыстарды кеңейтуге, үшіншіден азаматтар үшін жаңа мүмкіндіктер ашуға бағытталуға тиіс екенін тілге тиек етті.

Сондай-ақ Қазақстан Президенті өз мақаласында бұрын айтылып келген геосаяси болжамдар жүзеге аспағанын, енді география мен күш алдығы қатарға шыққанын айта келе, бәсекелестіктің күшеюі сауда, технология және инвестиция ағындарын тез өзгертіп жатқанын жазды.

«Бәсекелестіктің жаңа толқыны сауда, технология мен инвестиция ағынын қарқынды түрде өзгертуде. Жаһандық жеткізу тізбегі әлсіреді. Ен-

euro news. Latest Europe World EU Policy Business Travel Next Culture Earth Health E

Euroviews. Kazakhstan and the European Union: Building the next chapter of a strategic partnership



дігі жерде сауда-экономикалық байланыстар ұлттық қауіпсіздіктің құрбанына айналып барады.

Еуропа жақсы білетіндей, мұндай жағдайда елдер не қарсылас блоктарға бірігеді немесе өзара құрмет пен ортақ мүддеге негізделген жаңа серіктестіктер құрады.

Қазақстан да мұны жақсы түсінеді: географиямыз бізді құрлықтардың түйіскен жеріне орналас-тырды, ал сыртқы саясатымыз оларды бір-бірімен байланыстыруды көздейді», — деп жазды Президент.

Сонымен қатар ол Қазақстанның өзара байланыстырушы рөлінің артып келе жатқанын, еліміздің жалпы ішкі өнімінің былтыр 306 млрд долларға жеткенін, биыл 360 млрд доллардан асатыны жөнінде болжам бар екенін айтты. Бұған қоса, Қазақстан Еуропа үшін қуатты серіктес екенін жазды.

Сондай-ақ мақалада Қазақстанның БҰҰ жарғыларын берік сақтайтынын, диалогтарға шақырып, қарқынды бейбіт жолмен шешуге ұмтылатынын атап өтті. Еуропа Одағының мұнай және мұнай өнімдеріне деген сұранысының 13%-ын, уран импортының 16%-ын Қазақстан қамтамасыз етіп отырғанына тоқталды.

Мақалада энергетика және азық-түлік қауіпсіздігі, инвестиция, қауіпсіз және тиімді стратегиялық көлік бағыттары, жасанды интеллект, цифрлық басқару, инновациялық экожүйелер және сенімді технологиялар, білім, ғылым жөніндегі ойлары айтылған.

Мақаланың толық нұсқасын Euronews сайтының Euroviews бөлімінен ағылшын тілінде оқуға болады.

23 МАУСЫМ 2026 | СЕЙСЕНБІ



СЕНАТТА ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КЕЛІСІМДЕР ТОПТАМАСЫ ҚАРАЛАДЫ

Сенат Спикері Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен палата бюросының отырысы өтті. Онда депутаттар 25 маусымда өтетін Сенат отырысының күн тәртібін белгіледі.

Бюро мүшелері палатаның алдағы отырысында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне экология және экономиканың жекелеген салаларын жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңын екінші оқылымда, сондай-ақ бірқатар халықаралық келісімнің ратификациясын қарау туралы қаулы қабылдады.

Отырыстың күн тәртібіне «Психологиялық қызмет туралы» ҚР Заңы шығарылды. Онда уәкілетті мемлекеттік органдар мен жергілікті атқарушы органдардың құзыреттері, сондай-ақ психологтар мен психологиялық көмек алушылардың негізгі құқықтары мен міндеттері белгіленді.

Зандардың келесі топтамасында «Қазақстан Республикасындағы кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару және жергілікті өзін-өзі басқару мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы», «Қазақстан Республикасындағы кендік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы», «Кредиттік рейтингтік қызмет туралы», «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қаржы нарығын жетілдіру және цифрландыру, банкроттық, сондай-ақ мемлекеттік органдарды бағалау мәселелері бойынша өзгерістер

мен толықтырулар енгізу туралы» және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әлеуметтік заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңдар бар.

Сонымен қатар алдағы бейсенбіде депутаттар бастамашылық еткен «Радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу туралы» және оған ілесіп «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу, энергетика және атом саласын дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы», «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу және жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды реттеуі жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңдар да қаралады. Мұнда радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы қатынастарды реттеу тетіктерін белгілеу және күшейту — басты мақсат болып отыр. Занда сондай-ақ радиоактивті қалдықтарды жіктеу, ядролық материалдарды, радиоактивті заттарды радиоактивті қалдықтар санатына ауыстыру, радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу түрлерін санатқа бөлу реттеледі.

БІРЛЕСКЕН БІЛІМ БЕРУ КУРСЫ АЯҚТАЛДЫ

Астанада Парламент Сенаты мен Ұлттық банктің бірлесіп ұйымдастырған ақша-несие саясаты жөніндегі төрт апталық мамандандырылған білім беру курсы аяқталды. Жоба Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаевтың отандық сарапшылар қауымдастығының талдау жасау құзыретін дамыту және заң шығару билігі мен еліміздің бас қаржы реттеушісі арасындағы кәсіби диалогты тереңдету жөніндегі бастамасына орай жүйелі жұмыстың шешуші кезеңі болды.



Биылғы тыңдаушылар саны 80 адам болып, курстың ауқымы едәуір кеңейді. Оның негізгі мақсаты — кәсіптік жаһандық және ішкі экономикалық сын-қатерлерге орай әрекет ету қажеттілігінен туындады. Әлем нарықтарының құбылуы, Қазақстанның макроэкономикалық саясатын қайта жаңғырту және ауқымды әлеуметтік-экономикалық реформаларды іске асыру жағдайында монетарлық тетіктерді терең түсіну аса маңызды болып отыр.

Курс бағдарламасы ауқымды әрі өзекті тақырыптарды қамтыды. Қатысушылар үздіксіз сессиялар барысында экономикаға базалық мөлшерлемені қалыптастыру және трансмиссия тетіктерін, сондай-ақ инфляцияны таргеттеу мен инфляция барысын басқару құралдарын егжей-тегжейлі зерделеді. Бағдарламада әлемдік экономикалық трендтер, валюта тәуекелдері және ұлттық валютаның орнықтылығын қамтамасыз ету жөніндегі шараларды зерделеу де бар.

Қатысушылар ақша-несие саясатының әртүрлі дамуы экономиканың нақты секторы мен азамат-

тардың әл-ауқатына әсерін модельдей алатын практикалық жағдайларға және ашық пікірталастарға ерекше назар аударды.

Ұйымдастырушылар атап өткендей, бағдарламаға қызығушылық жыл сайын артып келеді. Әртүрлі саладағы сарапшылардың жұмысына баса назар аударылып, іс жүзінде қолданылып жатыр. Сондықтан мұндай оқу іс-шараларын өткізу тәжірибесін жалғастыру маңызды. Курс аяқталғаннан кейін тыңдаушыларға тиісті сертификат табыс етілді.

Соңғы жылдары Парламент Сенаты Жасанды интелект және цифрлық даму министрлігінің қолдауымен ауқымды деректер мен жасанды интелект қолдану, Президент Әкімшілігінің қолдауымен көліктік-логистикалық саланы дамыту курстарын және талдау ісіне арналған бірқатар семинар өткізді. Бұл бастамалар қазақстандық сарапшылар мен салалық мамандардың талдау дағдысын кеңейтуге және тереңдетуге бағытталған.

«ҰЛЫ МҰРА – ОРТАҚ БОЛАШАҚ»

МӘЖІЛІС ТӨРАҒАСЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФОРУМДА СӨЗ СӨЙЛЕДІ

Ерлан Қошанов бастаған Парламент Мәжілісінің делегациясы Беларусь Республикасы Брест қаласында Ұлы Отан соғысының басталуының 85 жылдығына арналған «Ұлы мұра – ортақ болашақ» халықаралық форумына қатысты.



Форумға Беларусь, Ресей, Өзбекстан, Мьянма, Қырғызстан, Әзербайжан, Тәжікстан, Вьетнам, Сербия, Венесуэла, Куба, Қытай, Моңғолия және Лаос елдерінің Парламент делегациялары мен дипломатия өкілдері қатысты. Іс-шара 1941 жылдың маусымында фашистік Германияның тұтқиылдан жасаған шабуылын алғаш болып қабылдаған Брест қаласында өтті.

Форумның жалпы отырысында сөйлеген сөзінде Ерлан Қошанов 22 маусым — бұл тек қана сұрапыл соғыстың басталған азалы күні емес, сонымен бірге тарихты терең зерделеп, сансыз құрбандықтың арқасында келер ұрпаққа бейбіт өмір сүру құқығын сыйлаған жандарға алғыс білдіру күні екенін атап өтті. Мәжіліс Спикері Ұлы Отан соғысының алғашқы әрі ең ауыр шайқасының бірі — Брест қамалын қорғаған қазақстандық жауынгерлердің ерлігіне ерекше назар аударды.

— Брест қамалын Кеңес Одағының түкпір-түкпірінен келген жауынгерлер қорғады. Брест гарнизонындағы жеті мың әскери қызметшінің шамамен мыңға жуығы Қазақстаннан келген сарбаз болды. Олардың барлығы дерлік осы жерде қаза тапты. Бүгінде әлем жана сын-қатерлерге тап болып отырған кезде біздің ортақ міндетіміз — тарихи жадымызды сақтау және оны жас ұрпаққа жеткізу. Былтыр Астанада өткен әскери парадта сөйлеген сөзінде Президент Қасым-Жомарт Тоқаев соғыс туралы ақиқатты сақтау маңызды екенін атап өтті, өйткені шындықты білмейінше бейбітшіліктің бағасын түсіну мүмкін емес. Ортақ ерлікті есте сақтау — халықтарымыз арасындағы достықтың, өзара құрмет пен ынтымақтастықтың ең берік іргетасы болып қала береді, — деді Ерлан Қошанов.

Ол өз сөзінде Беларусь жерінде қаза тапқан отандастарымыздың есімін жаңғырту бағытындағы қазақстандық тарихшылардың еңбегін ерекше атап өтіп, Брест қамалын қорғаған, есімі бүгінге жеткен батырларды атады.

Мәжіліс Төрағасы қазақ партизандарының ерлігіне де жеке тоқталды. 65 беларусь партизан бригадалары мен отрядтарының құрамында 1,5 мыңнан астам қазақ шайқасқан. Солардың бірі —

анызға айналған партизан қолбасшы Әли Шәріпов, оның есімі Минскідегі көшелердің біріне берілген.

— Тарихшылардың зерттеулері бойынша, Беларусьті азат ету үшін болған шайқастарға 120 мыңнан астам қазақстандық қатысқан. Олардың әрбір бесіншісі осы жерде жерленген. Беларусь жерінде көрсеткен ерлігі мен батылдығы үшін 84 қазақ жауынгері Кеңес Одағының Батыры атағына ие болды. Кеңес Одағының Батыры Қазбек Нұржанов пен Сүндетқали Ескалиевтің есімі де Беларусь жерінде мәңгі құрметке бөленген. Біз қаза тапқан жерлес батырларымыздың есімін ардақтаған бауырлас беларусь халқына және ел басшылығына шын жүректен алғыс білдіреміз, — деді Ерлан Қошанов.

Мәжіліс Спикері Қазақстанның майданды мұнай өнімдерімен, жанар-жағармай, көмірмен, қорғасынмен, киім-кешекпен, аяқкиіммен және азық-түлікпен қамтамасыз етуге қосқан зор үлесін де еске салды. Сонымен қатар соғыс жылдары еліміз жарты миллионнан астам эвакуацияланған азаматтарды, соның ішінде Беларусьтің 110 мыңнан астам тұрғынын қабылдады. Қазақ жеріне 111 балалар үйі көшіріліп әкелінді, бұл — соғыстан зардап шеккен барлық республикадан келген 13 мың бала. Ерлан Қошанов осы жанашырлық пен ынтымақ халықтарымыздың ең маңызды аламы өнегесі екенін атап өтті.

Сапар барысында Мәжіліс делегациясы Брест қамалында өткен еске алу іс-шараларына қатысты. Депутаттар «Қаһарман Брест қамалы» мемориалдық кешеніне гүл шоқтарын қойды. Брест қамалы гарнизоны зиратындағы Естелік аллеяда қазақстандық жауынгерлерді еске алып, олардың рухына тағзым етті.

Брест қамалын қорғау музейіне барған Ерлан Қошанов Мәжіліс Парламенті атынан музейге Ұлы Отан соғысының батыры, аты аңызға айналған қазақ ұшқышы — Хиуаз Доспанованың мүсінін сыйға тартты. Хиуаз Доспанова әйгілі 588-ші түнгі бомбалаушы авиация полкінің («Түнгі мыстандар» ретінде танылған) құрамында Оңтүстік майданда, Солтүстік Кавказда, Украинада, Беларусьте және Польшада әскери іс-қимылдарға қатысты. Бұл еңбектің авторы — мүсінші Бақытбек Мұхамеджанов.

САЛАЛАРДАҒЫ САБАҚТАСТЫҚ АРТАДЫ

Премьер-министрдің орынбасары — ұлттық экономика министрі Серік Жұманғарин Кабулға ресми сапары шеңберінде Ауғанстанның ішкі істер министрі Сираджуддин Хакканимен кездесуі өтті.



Әуелі Ауғанстанның ішкі істер министрі Қазақстанға және Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевқа ауған халқына көрсеткен қолдауы үшін алғысын білдірді.

Серік Жұманғарин де өз тарапынан Ауғанстан Қазақстанның Орталық және Оңтүстік Азиядағы маңызды әріптесі екенін жеткізді. Қазіргі елдің бейінді ведомстволары есірткі бизнесі мен экстремизм секілді трансұлттық қылмысқа қарсы іс-қимыл саласындағы ынтымақтастықты дамыту мәселесін пысықтауда. Қазақстандық тарап тікелей байланыс орнатуда тиісті ынтымақтастық туралы меморандум жасауға дайын екендігін білдірді. Вице-премьердің айтуынша, қауіпсіздікті қамтамасыз ету сауда-экономикалық байланысты кеңейтудің, инвестиция тарту мен бірлескен жобаларды жүзеге асырудың негізгі факторының бірі.

Тараптар кинологиялық қызмет мамандарын даярлау саласындағы өзара іс-қимылға ерекше назар аударды. Серік Жұманғарин бұған дейін ауған тарапы екі елдің есірткіге қарсы бөлімшелері арасында тәжірибе алмасу жөнінде бастама көтергенін еске салды. Кездесу барысында Ауғанстанның ішкі істер министрлігінің қарамағындағы Мазари-Шарифтегі азот өндіру зауытын жаңғыртуға қазақстандық мамандардың қатысуы талқыланды.

Келіссөздер қорытындысы бойынша тараптар ынтымақтастықты одан әрі дамытуға өзара мүдделі екендерін растап, қауіпсіздік кепілдігі, сенімді логистикалық қатынас, құқық қорғау органдарымен жедел өзара іс-қимыл ұзақмерзімді экономикалық және инвестициялық жобаларды жүзеге асыру үшін қажетті жағдай екенін атап өтті.

23 МАУСЫМ – МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕР КҮНІ

23 МАУСЫМ 2026 | СЕЙСЕНБІ

ЕЛГЕ ҚЫЗМЕТ ЕТУ – ЕЛДІК ДӘСТҮР



Әсеп БАЛТАБЫЗЫ (қолжазба)

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың мемлекеттік қызметшіге қатысты айтқан салмақты пікірі, байсалды бағасы бар. 2024 жылдың 20 ақпанында Мемлекет басшысы Президенттік жастар кадр резервінің форумына қатысқан болатын. Сол жиында мемлекеттік қызметші болу антқа адалдық екенін атап өткен еді.

Амангелді ҚҰРМЕТ

«Мемлекеттік қызметшінің сапасы бүкіл еліміздің сапасы деп айтуға болады. ...Мемлекеттік қызметші болу – антқа адал болу деген сөз», – деп еді Президент. Әдетте 23 маусымда мемлекеттік қызметшілер өздерінің кәсіби мерекесін тойлайды. Осыдан ширек ғасырға жуық уақыт бұрын, 2002 жылдың желтоқсанында БҰҰ Бас ассамблеясының 57-ші сессиясында 23 маусым – Мемлекеттік қызмет күні болып бекітілген болатын. Қазақстан бұл күнді 2013 жылы «Мемлекеттік қызметші күні» деген атаумен кәсіби мейрамдар қатарына қосты. Күнгілік кестеде кәсіби мереке ретінде көрсетілгенімен, бұл күні мемлекеттік қызметшілер әдеттегідей жұмыстарын істей береді. Сөйтіп, халыққа қызмет көрсетуін жалғастырып жатыр.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІ – САПАЛЫ МАМАН

Ел ішінде мемлекеттік қызметке қатысты қызық пайым бар. Бұқара әдетте бұл салада көбіне ер азаматтар жұмыс істейді деп ойлайды. Өйткені министрлердің көбі, облыс әкімдерінің барлығы, Мәжіліс және Сенат депутаттарының басым көпшілігі – ер азаматтар. Алайда Қазақстанда 83 200-ден астам мемлекеттік қызметші болса, олардың 56,2 пайызы – әйелдер. Сөйте тұра, әйел азаматтар басқарушы лауазымдардың 93,1 пайызын иеленіп отыр. Сонымен қатар мемлекеттік қызметшілердің орташа жасы 40,5 жас

болса, 35-ке толмаған азаматтардың үлесі 33,2 пайыз екен. Қызметшілердің орташа еңбек өтілі 12,1 жылды құрайтын көрінеді. Бұл ресми деректі біз Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінен алдық. Былтыр агенттік мемлекеттік қызметте еңбек ететін ерекше қажеттілігі бар жандардың санын 942 адам деп көрсеткен. Биыл бұл деректер өзгеруі бек мүмкін. Өйткені биыл 19 мамырда Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» заңға қол қойды. Жаңа заң Қазақстан Республикасының 2024-2029 жылдарға арналған мемлекеттік қызметті дамыту тұжырымдамасын жүзеге асыру аясында әзірленген, соны сипаттағы құжат саналады. Бұл заң мемлекеттік қызмет моделін одан әрі жаңғыртып, жетілдіруді көздейді. Міне, дәл осы заң инклюзия мәселесін де ескерген. Яғни ерекше қажеттілігі бар азаматтардың мемлекеттік қызметті атқаруына бөгет жоқ деген сөз. Заң биыл 1 шілдене бастап күшіне енеді.

Мемлекеттік қызмет істері агенттігі таратқан мәліметтерге қарағанда жаңа редакциядағы заң мемлекеттік қызметтің миссиясын бекітуді, азаматтармен өзара іс-қимылдың сервистік моделіне көшуді, сондай-ақ мемлекеттік аппараттың кәсібилігін арттыру және кадрлық процесстерді цифрландыруды көздейді. Сол үшін жаңа құжатта мемлекеттік қызметтің мақсаты мен оны өткеру қағидаттарын, сондай-ақ мемлекеттік қызметшілерге және олардың лауазымдық міндеттеріне қойылатын талаптарды бекіту қарастырылған.

«Заң мемлекеттік қызметшілердің клиентке бағдарланған мінез-құлық моделін енгізуді көздейді. Олар мемлекет көрсететін қызметтердің сапасы мен қолжетімділігін қамтамасыз етуге, сондай-ақ мемлекет алдында тұрған міндеттерді тиімді орындауға бағытталған. Заңда мемлекеттік қызметшілердің адалдығы мен әдептілігінің жоғары деңгейін қамтамасыз етуге бағытталған мінсіз бедел институтын енгізу көзделген. Жас әрі талантты мамандарды тарту мақсатында заңда мемлекеттік қызметке кіруге даярлау институтын енгізу қарастырылған. Ол мемлекеттік функцияларды тиімді орындауға қажетті құзыреттерді қалыптастыру мен дамытуға бағытталған білім беру іс-шаралары кешенін қамтиды», – делінген агенттіктің ресми ақпаратында.

Сондай-ақ жаңа заңға сәйкес мемлекеттік қызметке іріктеу толық цифрлық форматқа көшеді. Үміткерлерді іріктеу «Е-қызмет» интеграцияланған ақпараттық жүйесі арқылы жүзеге асырылады. Бұл конкурс рәсімдерінің ашықтығы мен объективтілігін арттыруға мүмкіндік береді. Осылайша, мемлекеттік қызмет саласында ішінара кездесіп тұратын сыбайластықтың тамырына балта шабу тегі әзірленіп отыр. Сонымен қатар тәртіп бұзған мемлекеттік қызметшінің жауапкершілігін күшейту де қарастырылған. Яғни мемлекеттік қызметтің беделіне нұсқан келтірген қызметкерлер жазасыз қалмайды деген сөз. Біздің пайымдауымызша, бұл өте маңызды норма болса керек. Өйткені мемлекеттік қызметші – іс жүзінде елдің айнасы. Олар өз халқымызға да, шетелдіктерге де қызмет көрсетеді. Демек, мемлекеттік қызметшінің әдепті болмағаны, тіпті жұмыстан тыс уақытта да оғаш қылықтарға бармауы өзекті деген сөз. Айталық, мемлекеттік қызметші есірткі, психотроптық заттарды, олардың аналогтарын мен прекурсорларын медициналық мақсаттан тыс қолданса, мас күйінде көлік жүргізсе, еңбек тәртібін бұзса, белгілі бір жауапкершілікке тартылады. Әрине, бұл айтылғандар оңсыз да кез келген азаматты әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілікке тартуға болатын оғаш қылықтар екені анық. Дегенмен мемлекеттік қызметшінің оғаш әрекеттерінің зардабы бөлек. Бірінші кезекте ол нақты жауапкершілік жүктесе, екіншіден моральдық салмағы да бар. Бір сөзбен айтқанда, жаңа заң мемлекеттік қызметші арқылы мемлекеттің беделі түспеуі керек екенін меңзеп тұр.

Мемлекеттік қызмет жайлы сөз еткенде саладағы жетістіктерді бір заңның қабилданыуымен ғана өлшеу әбестік болар. Рас, 2026 жылдың ортасына енді жеттік, биылғы жұмысқа баға беру алдағы уақыттың еншісіндегі дүние. Бірақ былтырғы жылдың қорытындысы қолымызда бар. Мемлекеттік қызмет істері агенттігі жыл басында қорытынды жасаған.

Агенттіктің алқа отырысында ведомство басшысы Дархан Жазықбай 2025 жыл мемлекеттік қызмет жүйесі институционалды тұрғыдан жаңғыртылған жыл болғанын айтқан еді. Айталық, былтыр Президенттік жастар кадр резервіне төртінші іріктеу кезеңі өткізіліпті. Нәтижесінде, резерв 6 бағыт бойынша 50 салалық білікті маманмен толыққан. Жобаға қызығушылық артыпты. Егер 2019 жылы 13 мың азамат қатысуға ниет білдірсе, 2025 жылы бұл көрсеткіш 32 мыңға жеткен. Жалпы, резервке алынған 450 азаматтың 337-сі бүгінде түрлі салаларда еңбек етіп жүрген көрінеді. Өңірлік кадр резервіндегі 538 маманның 260-ы жаңа лауазымдарға тағайындалып, олардың 193-і жергілікті атқарушы органдарда басшылық қызметке орналасқан.

Салаға жас мамандар тарту да ерекше қарқын алыпты. Былтыр университетті үздік дипломмен (GRA 3,33-тен төмен емес) бітірген 735 түлек конкурстан тыс ауылдық және аудандық деңгейдегі лауазымдарға қабылданған. Агенттік 964 жоғары лауазымға конкурстық тағайындауды келісіп, олардың 19,5%-ы квазимемлекеттік және жеке сектор өкілдері болды. 2025 жылы мемлекеттік қызметке іріктеу және кадрларды басқару толықтай цифрландырылды. Бүгінде онлайн іріктеу 94 мемлекеттік органды қамтып отыр. Цифрлық іріктеудің тиімділігінің нәтижесінде орта есеппен бір бос орынға 7 үміткерден келіп, бәсекелестік 3,5 есеге артыпты. Яғни ел ішінде мемлекеттік қызметші болуды мұрат тұтқандардың қарсы көбейді деген сөз. Біздің пайымдауымызша, бұл мемлекеттік қызмет саласының беделі өсіп келе жатқанын көрсететін болса керек. Ал оған саладағы реформалар, цифрландыру әсер еткені сөзсіз.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ ДӘСТҮРІ БАР ХАЛЫҚПЫЗ

Мемлекетке адал қызмет ету ұғымы қазақ үшін жаңа құндылық емес. Мөде қағаннан бастап Білге қаған, Жүсіп Баласағұни еңбектеріне дейін мемлекет мүддесін жеке бастан қамынан жоғары қою идеясы үзілмей жалғасып келеді. Бүгінгі мемлекеттік қызметшіге қойылып отырған адалдық, кәсібилік, жауапкершілік талаптары да осы елдік дәстүрмен сабақтас.

Мысал ретінде айтсақ, түркі халықтары арасында кең тараған Мөде қаған туралы аңыз соның бір көрінісі болса керек. Қытай тарихшысы Сыма Цянның «Тарихи жазбаларында» баяндалатын бұл оқиғада қаған тұлпары мен әйелін сұраған дұшпандарына қимас серіктерін береді де, жер сұрағанда соғыс ашады. Сөйтіп, жеке басқа қатысты дүниелерден гөрі елдің жерін, мемлекеттің мүддесін жоғары қояды. Бәлкім, қаған өз дәуіріндегі бектеріне де осы талапты қойған шығар... Ғұн мем-

лекетінің дәуірлеуінің сыры да осында жатқан болар, кім білсін!

Ал көк түріктер дәуірінен жеткен Білге қаған жазбаларында: «Түрік жұрты үшін түнде ұйықтамадым, күндіз отырмадым, қызыл қанымды төктім, қара терімді сықтым» деген жолдар бар. Бұл – билік пен қызметті артықшылық емес, халық алдындағы жауапкершілік деп түсінген мемлекетшілдік сананың айғағы.

Кейін Жүсіп Баласағұни «Құтадғу білігінде» ел басқару мәдениеті мен мемлекеттік қызметтің қағидаларын жан-жақты саралап, ізгі заң мен әділ басқаруды мемлекеттің басты тірегі ретінде бағалады.

Бірер жыл бұрын бәйіттермен жазылған аталған еңбекті қарасөзге айналдырған зерттеуші Бекарыс Нұриман бізге берген бір сұхбатында ғалым еңбектің ерекше қырын айтқаны бар. «Жүсіп Баласағұниің заң жайлы сөз еткенде «төру» деген сөз қолданылды. «Төру» дегеніміз – заң. Мұны «ізгі заң» деуге болады. Автор заңды шығарушылар не деді, заңның орындалуын қадағалаушылар не деді, бәрін айтады. Бір сөзбен айтқанда, заң шығарушы және оның орындалуын бақылаушы органдардың жұмыс істегенін байқаймыз. Мәтіндерден соны ұғамыз. Демек, сол дәуірдің өзінде мемлекет басқару ісінің жетілгені білінеді. Насихатта «сен «едуге төру» – ізгі заң жаса. Ізгі заң жасасан, ертен сен өмірден өткен соң да артыңда жақсы атын, ізгілің қалады. Ізгілікпен еске алынасың. Ал егер қатаң заң орынатсаң, оның зардабын халық көреді, сен өлген соң сені ешкім жақсылықпен еске алмайды. Зұлмыдықпен қатар еске алады» дейді», – деп пікір білдірген еді Бекарыс Тілегенұлы.

Міне, бұл айтылғандар да мемлекетшілдіктің, мемлекеттік қызметтің біздің ұлтпен бірге жасасып келе жатқанын білдірсе керек. Кейінгі дәуірлерде де мемлекеттік қызметші болу жайлы сөзді-сөзді аңыз-әпсаналар, ескі әңгіме бізге көп жетті.

Мемлекетті маңдайына біткен бағына теңеу Жошы дәуірінде де, Алтын орда заманында да, Қазақ хандығы кезінде де болған. Ұлы жыраулардың барлығы дерлік мемлекеттің іргесі бекем болуын тілеп, соны жырлады, елдік жолында еңбек етті. Осылайша, мемлекетке адал қызмет ету дәстүрі ғасырлар бойы үзілмей жалғасып, бүгінгі күнге жетті. Демек, бүгінгі мемлекеттік қызметшісі ертедегі егеулі найза ұнгерген ерлермен, аузы дуалы билермен рухтан деген сөз. Тек заман мен заң бөлек. Бірақ талап өзгермеді. Елдікке қызмет ету – міндет, антқа адалдық. Әдетте әскери және мемлекеттік қызметшілер ғана ресми түрде ант береді. Президенттің мемлекеттік қызметшісі антқа адал болу дегенді білдіретінін айтқаны содан болса керек.

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП

ТӘРТІП пен ТЫНЫШТЫҚ ТІРЕГІ

Елімізде жыл сайын 23 маусымда Полиция күні аталып өтеді. Бұл құрылым қоғамдағы тұрақтылық пен қауіпсіздіктің кепілі саналады. Сондықтан саладағы өзгерістер мен жаңалықтар әрдайым зерделенуді, назар аударуды қажет етеді.

Омар ҰЛАРБЕКҰЛЫ

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев құқықтық тәртіпті нығайтуды мемлекеттік саясаттың басым бағыты ретінде айқындағаны белгілі. Бұл орайда «Заң мен тәртіп» қағидаты енгізіліп, полиция қызметінде профилактикаға негізделген жүйелі тәсіл қалыптасып келеді. Қызметті ұйымдастыру тетіктері жетілдіріліп, заңнамалық база кезең-кезеңімен жаңартылуда. Мысал ретінде, буллингке, өзбасылық зорлық-зомбылыққа қатысты өзгерістер мен профилактика туралы жаңа заң жобасын айтуға болады.

Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жаңа технологиялар мен жасанды интеллект мүмкіндіктері кенінен қолданылып жатыр. Ішкі істер министрлігі ең алдымен елді мекендердегі жаппай бейнебақылау жүйесін белсенді жүзеге асырды.

Бүгінде «Елді мекендерді жаппай бейнебақылау» жобасы аясында елімізде 1,6 миллионнан астам бейнекамера орнатылған. Оның ішінде 545 мың камера Жедел басқару орталықтары мен кезекші бөлімдерге қосылған. Соның арқасында қалалар мен елді мекендердегі жағдайды тәулік бойы бақылауға мүмкіндік туып отыр.

Соңғы уақытта ашылған қылмыстардың көрсеткішіне назар салсақ, бейнекамералардың тиімділігі айқын көрінеді. Мәселен, әр кезеңде ашылған қылмыстық құқықбұзушылықтардың шамамен 66 пайызы дәл осы бейнебақылау құралдарының көмегімен анықталған. Бұл – цифрлық технологиялардың ішкі істер саласындағы іс жүзіндегі маңызын көрсетсе керек.

Сонымен бірге ішкі істер саласында Ұлттық бейнебақылау жүйесі жобасы

жүзеге асырылуда. Бұл жобаның басты мақсаты – еліміздегі әртүрлі бейнебақылау жүйелерін бір орталыққа біріктіру және оларға жасанды интеллект технологияларын енгізу. Осы жоба аясында 24 мыңнан астам бейнекамера жасанды интеллект негізіндегі аналитикамен жабдықталып, адамның бет-әлпетін тану, күмәнді заттарды анықтау, көлік қозғалысын талдау сияқты күрделі тапсырмаларды орындай алады. Қазіргі уақытта бұл жүйе еліміздің барлық өңірінде сынақтан өткізілуде.

Ол ең алдымен адамдар көп жүретін жерлердегі, яғни әуежайлар, теміржол вокзалдары, мешіттер, мектептер, ауруханалар, әкімшілік ғимараттар және тағы басқа нысандарға кеңінен орнатылуда. Осы жүйе қолданысқа енгізілгеннен бүгінгі күнге дейін 1 335 адам анықталып, ұсталды.

Ішкі істер министрлігінің мәліметінше, бүгінде еліміздегі криминалендік ахуал тұрақты. Тәуелсіздік жылдарынан бері қылмыс деңгейі 49 пайызға төмендеп, кісі өлтіру деректері 4,5 есеге қысқарған. Осы жылдары халық саны 1,5 есеге арқанның ескерсек, бұл – ауқымды профилактикалық жұмыстың нәтижесі.

Жалпы, қылмысқа қарсы күресте нақты бағытталған бағдарламалар іске асырылуда. Атап айтқанда, кісі өлтіру, ұрлық, киберқылмыс пен интернет-алаңсыздық, есірткі бизнесі, адам саудасы, экстремизмге қарсы іс-қимыл және қылмыстық-атқару жүйесін жетілдіруде кешенді жоспарлар жүзеге асуда. Бұл жерде де оң динамика байқалады. Мысалы, 2025 жылдың өзінде қылмыс деңгейі 7 пайызға, яғни 6 мың дерекке азайған. Оның ішінде кісі өлтіру 20 пайызға, қарақшылық 28 пайызға, тонау 30 пайызға, бұзақылық 11 пайызға, ал ұрлық 24,5 пайызға төменде-



ген. Сонымен қатар бұрын сотталғандар тарапынан жасалған қылмыстар 9 пайызға, қоғамдық орындарда жасалатын қылмыстар 7 пайызға, көшелердегі қылмыстар 5 пайызға кеміген. Атыс қаруын қолдану арқылы жасалған қылмыстар да 16 пайызға қысқарған.

Дегенмен қылмыс – тек құқық қорғау органдарының мәселесі емес, ол әлеуметтік құбылыс. Оның деңгейіне экономикалық, көші-қон, мәдени және демографиялық факторлар тікелей әсер етеді. Жүргізілген талдаулар құқық бұзушылардың 80 пайызы жұмыссыздар, үштен бірі бұрын сотталғандар екенін көрсеткен. Ал адамға қарсы жасалатын қылмыстардың шамамен 30 пайызын алкогольді ішімдік ішкендер жасайды. Сондай-ақ заманға қарай қылмыстың табиғаты да өзгеріп жатқанын айта кету орынды. Себебі қазіргі қылмыстың 26 пайызы интернет-алаңсыздық үлесінде.

Жасөспірімдер қылмысының алдын алу – бүгінгі күннің өзекті мәселесінің бірі. Бұл бағытта жүйелі жұмыстар жүргізілігінен, түйткілді тұстар әлі де аз емес

сияқты. Министрліктің мәліметінше, биылдың өзінде көмектестік толмағандар арасында 1600 қылмыс тіркелген. Оның басым бөлігі – ұрлық, бұзақылық, тонау және есірткіге қатысты құқықбұзушылықтар. Мамандар мұның басты себебін ата-ана бақылауының әлсіреуінен көреді. Түнгі уақытта балалардың қараусыз жүруіне байланысты 107 мың ата-ана жауапкершілікке тартылған. Сонымен қатар 1 900 ойын-сауық мекемесінің несі жазаланса, қараусыз қалған 4 200 бала бейімдеу орталықтарына жеткізілген. 5 100 бала және өз міндетін жүйелі түрде орындамайтын 6 400 ата-ана арнайы есепке алынған.

Кез келген қылмыстың себебі қоғамның түрлі салаларымен тығыз байланысты. Сондықтан Ішкі істер министрлігі қылмыстылықты тұрақты түрде төмендету үшін тек полицияның ғана емес, барлық мемлекеттік орган мен азаматтық қоғамның бірлескен іс-қимылы қажет деп санайды. Ол министрлік әзірлеген 2024-2028 жылдарға арналған Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету тұжырымдамасында көрініс тапқан.

Сол себепті соңғы уақытта салаға белсенді азаматтарды тарту жұмыстары жүргізілуде. Қоғамдық бірлестіктермен жүйелі түрде жұмыс атқарылуда. Бүгінде көшелерде 4 700 қоғамдық көмекші азаматтарға қолдау көрсетуде. Сонымен қатар жоғары оқу орындары мен колледждерде 1 264 студенттік отряд қызмет етіп, тұрғын үйлерде консьерждер, ал ауылдық жерлерде «Сакшы» және «Сарбаз» жасақтары жұмыс істейді. Олардың көмегімен 307 қылмыс ашылды, 15 мың құқықбұзушылықтың жолы кесілген.

Халықпен байланысты нығайтудың бір тетігі ретінде облыстық, қалалық және аудандық деңгейдегі басшылар мен учаскелік инспекторлардың былтыр 16 мың есептік кездесу мен жиын өткізілгенін атап өтуге болады. Сондай-ақ мамандар 90 мың үй чаттарына кіріп, құқықбұзушылық туралы хабарламаларға жедел әрекет жасаған.

Дегенмен полиция қызметінің өз ішінде де шешім күткен мәселелер бар. Қазір 4,5 мың учаскелік инспектор және патрульдік полиция қатарына 8 мыңнан астам штат жетіспейді. Ал бірқатар өңірде учаскелік полиция пункттері жоқ. Учаскелік полиция қызметкерлерінің материалдық-техникалық қамтамасыз етілу деңгейі де жеткіліксіз: 2 мыңға жуық автокөлік, 2,5 мыңға дейін компьютер және 4 700-і жарақат алғанын айтсақ та жеткілікті. Бұл жағдай полициялардың қоғам қауіпсіздігі жолындағы жанқиярлық еңбегін айқын көрсетеді.

Полиция қызметі – тәуекелі зор, қауіпті сала. Бұл сөзімізді дәлелдеу үшін соңғы 35 жылда қызметтік міндетін атқару кезінде 825 қызметкердің қаза тауып, 4 700-і жарақат алғанын айтсақ та жеткілікті. Бұл жағдай полициялардың қоғам қауіпсіздігі жолындағы жанқиярлық еңбегін айқын көрсетеді.

Сөз соңында айтарымыз, қоғамдағы тәртіп пен тұрақтылықтың және қауіпсіздіктің кепілі болып отырған мамандарға жүктелген міндеттің салмағы жеңіл емес. Олардың дер кезінде әрекет етуі мен профилактикалық жұмыстары кез келген құқықбұзушылықтың алдын алуға ашады. Әйтсе де, заң мен тәртіпке қатысты қағидаларды сақату қоғамның өзінен де талап етілуі керек.

23 МАУСЫМ 2026 | СЕЙСЕНБІ

Беделдің бір ұстыны – рейтинг деген. Еліміздің қаржылық келбетін айқындайтын жаңа индустрияның іргетасы қаланып жатыр. Әлемдік рейтингтік алпауыттардың үстемдігіне тосқауыл қояр қазақстандық төл балама құрылмақ. Бұл бірегей құрылымның тізгіні кімнің қолына көшеді және мұның артында қандай стратегиялық мүдде тұр? Рейтингтік агенттіктердің 3 түрінен құралатын жаңа институционалдық модель енгізіледі. Реформаның жаңашылдықтар тастыны мұнымен толастамақ емес: оның аясында банктердің иығына соны міндеттер мен жаңа жауапкершілік жүгі артылғалы тұр.

А Айхан ШӘРІП

ҮШ ТАҒАҢҒА СҮЙЕНГЕН ҰЛТТЫҚ МОДЕЛЬ

Мәжіліс «Рейтингтік қызмет туралы» және оған ілесіп заң жобасын қабылдады. Ел тарихында тұңғыш рет жаңа институтты құрғалы тұрған бұл құжаттар Мемлекет басшысының Жарлығымен бекітілген Қазақстанның қаржы секторын дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын іске асыру үшін әзірленді.

– Жаңа заң алғаш рет Қазақстандағы кредиттік рейтингтік агенттіктердің қызметін реттеудің құқықтық негізін белгілейді. Сондай-ақ олардың мәртебесін, қызмет шарттарын, тәуелсіздікке, ашықтық пен есептілікке қойылатын талаптарды айқындайды, – деді Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің төрайымы Мәдина Әбілқасымова.

Қатардағы шағын бизнеске рейтингтің әрине, қажеті шамалы. Ал әр салаға тірек, темірқазық болар ірі кәсіпорын-компанияларға, қаржылық ұйымға мұнсыз даму жоқ. Рейтингтерді кредиттік тәуекелді бағалау және инвестициялық шешім қабылдау кезінде инвесторлар мен банктер де кеңінен қолданады. Ол сондай-ақ әр сектордағы ахуалды барынша дәл бағамдау үшін Үкіметке, Ұлттық банк пен қаржылық реттеушіге керек.

Бірақ еліміз тәуелсіздік алған кезден бері отандық осы саланың тізгіні қалпымен шетелдіктердің қолында болғаны жасырын емес. Бұл ретте Қазақстанда ұлттық рейтингтік бағалау жүйесі және құқықтық базасы қалыптаспады. Мұның сыртында жатжұртық рейтингтік агенттіктер қызметінің қымбаттығы оны шағын және орта бизнес үшін қолжетімсіз етті.

– Ұлттық рейтингтік жүйені құру қазақстандық шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің капитал нарығына шығуын, одан арзанырақ әрі ұзақ мерзімге несие тартуын жеңілдетеді. Бұл сонымен бірге ақпараттық теңгерімсіздік-асимметрияны азайтуға және эмитенттердің ашықтығын арттыруға мүмкіндік береді, – деді М.Әбілқасымова.

Сонымен, жаңа индустрияны қалыптастыру үшін жаңа заң аясында елде жаңа «нарықтық институционалдық модель» енгізіледі. Ол кредиттік рейтингтік агенттіктердің 3 түрінен тұрады. Біріншіден, «Қазақстанның рейтингтік агенттігі» құрылады және тәуелсіз ұлттық рейтингтік бағалау институтына айналды. Әйткенмен, ол жүз пайыз мемлекеттік болмайды. Оның қожайын-акционерлері қатарында Ұлттық банк, халықаралық рейтингтік агенттіктің бірі және басқа инвесторлар болады.

Екіншіден, республика аты халықаралық, заты америкалық алпауыт рейтингтік агенттіктерді ары қарай да мойындайды, олардан бас тартпайды. Бұлар – Standard & Poor's, Moody's, Fitch. Бұған қоса, Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына кіретін кемінде 5 дамыған ел таныған кез келген өзге агенттіктер де

ҚАРЖЫ НАРЫҒЫНДАҒЫ ЖАҢА БЕЛЕС



танылады. Үшіншіден, қазақстандық жекеменшік агенттік ашуға рұқсат етілуі мүмкін.

Бұдан бөлек, жаңа заңнамалық топтама РА-лар қызметін реттеу мен қалағалаудың толық циклін түзеді. Қаржы нарығын реттеу агенттігі бұрын-соңды болмаған жаңа құзырларға ие болады. Оған халықаралық және шетелдік рейтингтік агенттіктерді (РА) тану, мониторингтеу және тануды кері қайтарып алу, сондай-ақ рейтингтік қызмет туралы заңнама талаптарының сақталуын бақылау өкілеттіктері беріледі.

Қазақстандық нарыққа кіруге рұқсат алу үшін халықаралық және шетелдік РА-ларға біліктілік талаптары белгіленеді. Басты өлшемшарттарға ең кемі 5 жыл қызмет тәжірибесі, меншікті капитал деңгейінің жеткіліктілігі, сынақтан өткен әдіснамасы және институционалдық тәуелсіздігі жатады.

Қазақстандық РА үшін жарғылық және меншікті капиталдың ең төменгі мөлшеріне қойылатын талаптар заңға тәуелді актілермен, яғни қаржылық реттеушінің қаулыларымен белгіленбек. Ведомствонның түсіндіруінше, жарғылық капиталы шамамен 10 млрд теңгені құрауға тиіс. Бұл басқа елдердегі ұлттық рейтингтік агенттіктердің практикасына сәйкес келеді. Басшылары мен топ-менеджерлеріне біліктілік талаптары белгіленеді. Олардан бейінді білімінің, жұмыс тәжірибесінің және мінсіз іскерлік беделдің болуы талап етілмек.

– Рейтинг беру тек біз бекіткен әдіснамалар негізінде жүзеге асырылады. Әдіснамалар компанияның кредит қабілетін кешенді, жан-жақты бағалауды, тәуекелдің барлық маңызды факторын ескеруді, оның тарихи деректерін салыстыра қарауды және тексеруді қамтамасыз етуге тиіс. Әдіснамаларын жылғына кемінде бір рет тұрақты жанартып отыруға міндетті, – деп нақтылады М.Әбілқасымова.

ҰЛТТЫҚ БАНК ЖАҢА ЖҮЙЕНІ ҚАЛАЙ ҚОЛДАЙДЫ?

Тұтастай алғанда, бұл – арнасынан тасыған дариядай табысы көл-көсір, тартымдылығы жоғары кәсіп көзі. Осы

себеппі де аталған заң күшіне енгеннен кейін ішкі нарық айдынында шетелдік азулы агенттіктермен нық тіреспі, бәсеке көрігін қыздыратын отандық алыптардың бой көтереріне сарапшылар сенеді. Өйткені рейтингтер – қаржы нарығы инфрақұрылымының негізгі элементі, алтын дінгегі іспетті.

Ұшан-теңіз табыс неден құралады? Қазіргі уақытта капитал нарығы оң серпінге көл жеткізді. Соңғы бес жылда акциялар нарығын капиталдануды 115%-ға ұлғайтып, 44,7 триллион теңгені құрады. Қазақстан қор биржасында акциялар шығарылымдарының саны екі есеге өсіп, 111 шығарылымды құрады. Облигациялар нарығының көлемі 16,5%-ға ұлғайтып, 16,7 триллион теңгеге жетті. Қазақстан қор биржасындағы эмитенттердің саны 70-тен 158-ге дейін өсті.

Бірақ осылардан түсетін кірістің бәрі ондаған жылдар бойы елден сыртқа кетуден болды. Бүгінгі күні Қазақстан аумағында америкалық Standard & Poor's, Moody's және Fitch Ratings халықаралық РА-лары рейтинг береді. Олардың берген бағасы шын мәнінде халықаралық қаржы нарықтарына «кіру билеті» саналады. Сондай-ақ ресейлік «Эксперт РА» және АКРА пруденциялық реттеу мақсатында төл рейтингін ұсынады. Мемлекет те, ұлттық компаниялар да, қазақстандық жекеменшік компаниялар мен банктер де тек соларға жүгінеді. Енді оларға отандық балама құрылмақ.

Айта кету керек, қазіргі уақытта халықаралық рейтингтік қаржы секторында 53 компания алған. 23 банктің 14-і де соған ие. 37 ұлттық компанияның және жеке сектордағы 45 компанияның халықаралық рейтингі бар. Оған лайықты болу және жыл сайын тексеруден өту үшін тұрақты түрде орасан зор шығын шығарады. Бірақ құны нақты қаншаға түсетінін компаниялар реттеушіге де айтпайды: корпоративтік құпия болып есептеледі екен.

Ашық дереккөздерге жүгінесек, әлемдік үш алыптың бағасын алу рәсімі бірнеше миллион долларға дейін қаржы шығаруды талап етеді. Рейтингті ұдайы қайта қарау, компания көрсеткіштеріне мониторинг жүргізу, рейтингті жанарудың комиссиясы орта есеппен 15 000–50 000 доллар тұрады.

Агенттік төрайымы Мәдина Әбілқасымова ұлттық рейтингтік агенттіктердің бағасы ішкі нарыққа қолжетімді болатынына сендірі.

– Шетелдік инвесторлар қаржы құю туралы шешім қабылдағанда халықаралық рейтингтің болуын талап етеді. Ал ұлттық рейтингті сыртқы нарықта да қолдануға болады, бірақ бұл үшін оны ең алдымен шетелдік қаржы реттеушілері тануға тиіс. Біз алда шетелдік реттеушілермен жұмыс жүргізіп, өзара тану тетіктерін енгіземіз. Осындай тетіктер қазіргі кезде Еуразиялық экономикалық одақта қолданылады. Мысалы, Ресеймен арада осындай тетікті енгіздік, – деді М.Әбілқасымова.

Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің төрайымы өздерінің есебі бойынша ұлттық рейтингтің құны халықаралық рейтингтердің құнынан айтарлықтай төмен болатынын айтты. Сондықтан бұл шағын және орта бизнес үшін тиімді тетік болады деп тұспалданды. Ол арқылы кәсіпкерлер қор нарығына жеңілдетілген тарифпен шыға алуға тиіс.

ТӘУЕЛСІЗДІК СЫНАЛАТЫН ТҮС

Әлбетте, заң тұрғысынан міндеттеме жүктелмесе, ұлттық рейтингтердің бағы жана қоюы неғайбыл. Көпшілік үйреншікті ескі сүрлеуінен шыға алмай, баяғы соқпақпен салып ұрып жүре береді де жанасына қызғыншылық болмайды. Онда бұл сала ескі таз кепешін киіп қала бермек.

– Осыны ескере отырып, депутаттар мемлекетке қарасты кәсіпорындар мен ұйымдарға ұлттық рейтингті иелену міндетін жүктеуді ұсынды. Бұл тізімнің көш басында ірі қаржы институттары мен алпауыт ұлттық компаниялар тұруы мүмкін. Сонымен қатар екінші деңгейлі банктердің жөні бөлек: олардың халықаралық мойындалған рейтингтері болғандықтан, ұлттық бағалаусыз-ақ тіршілігін дөңгелете алады. Сондықтан банктердің басым бөлігі үшін ұлттық рейтингті маңызды жоғалтады. Әсіресе, банк капитал нарығына шықпайтын болса, ешқандай рейтингке зәрулік болмайды. Осыған байланысты банктердің ұлттық рейтингті пайдалануға нақты ынтасы болуы үшін оларға да міндет қойылғаны

жөн, – дейді Мәжіліс депутаты Никита Шаталов.

Ұлттық банк төрағасының бірінші орынбасары Ерұлан Жамаубаев ұлттық рейтингтерге қатысты банктерге де белгілі бір талап болатынына сендірді. Ол халық пен бизнестен депозит тартатын барлық банк белгілі бір формула мен әдістеме бойынша Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қорына тиісті журналдар аударып тұратынын еске салды.

– Банктерді ынталандыру мақсатында біз алдымен осы формулаға ұлттық рейтингтің болуын енгіземіз. Осы арқылы банктердің ұлттық рейтинг алуға деген ынта-ықыласын арттырамыз. Екіншіден, Ұлттық банк – Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы жинақтарын басқарушы. Бұл қаражатты инвестициялау кезінде біз белгілі бір инвесторлардың рейтингіне назар аударамыз. Мұнда да ұлттық рейтингтің болуы біз үшін басымдыққа айналады, – деді Ерұлан Жамаубаев.

Үшіншіден, қор биржасы бағытында да ұқсас жұмыс жүргізілмек. Инвесторлар немесе міндеттемелері бар тұлғалар алдын ала «KASE Клирингтік орталығы» АҚ-ына маржалық жарна енгізуге тиіс. Ұлттық банк бұл формулаға да ұлттық рейтингті енгізуге ниетті. Атап айтқанда, ҚРҰБ төрағасының бірінші орынбасары ұлттық рейтингті бар банктердің аз мөлшерде жарна төлейтінін хабарлады. «Қорыта айтқанда, қолымызда жеткілікті құралдар бар. Біз бұл бағытта банктерді ынталандыратын боламыз. Тіпті олармен келіссөздер де жүргіздік. Банктер ұлттық рейтинг алуға қазірден қызығушылық танытып отыр», – деді Ерұлан Кенжебекулы.

Қаржылық реттеуші тағы бір қызықты мәліметті жеткізді: болашақта ұлттық рейтингтік агенттік халықаралық IPO-ға шығуы мүмкін. Заңда бұл ұйымның басты құрылтайшысы Ұлттық банк болатыны көрсетілген. Оның басты серіктесі аты әзірге аталмаған халықаралық рейтингтік агенттік болмақ. Осы екінші ірі акционері арқылы ұйым халықаралық деңгейде мойындалған әдіснама ие болады.

Бүгінде Ұлттық банк халықаралық рейтингтік агенттіктердің «үлкен үштігімен», сондай-ақ ресейлік, қытайлық және басқа рейтингтік агенттіктермен келіссөздер жүргізіп жатыр. Мақсат – олардың әдіснамасын пайдалану және жаңа рейтингтік агенттікті құруға жұмылау. Бұдан өзге, заң басқа инвестор тұлғалар мен өзге құрылтайшылардың қатысуына да қарастырылды. Алайда олардың әрқайсысының үлесі 10%-дан аспауға тиіс. Бұл белгілі бір тұлғаның осы жолмен ұлттық агенттікті өз уысына түсіріп алмауы үшін жасалыпты.

«Негізгі темірқазық акционер Ұлттық банк болады. Бұл инвесторлардың сенімін арттыру және тұрақты институт қалыптастыру үшін қажет. Ең алдымен, біз мемлекет қаржыландыратын, кредиттік ресурстарға тәуелсіз әрі сапалы барлық жүйесін құруды көзеп отырмыз. Басқа қатысушылар үшін бұл үлесті 10 пайызға дейінгі көлеммен шектеуге шештік. Бірақтар елде институт бірнеше жыл табысты жұмыс істегеннен кейін IPO-ға шығатын тәжірибе бар. Біз де болашақта осы институтты IPO-ға шығара аламыз деген үміттеміз», – деді Мәдина Әбілқасымова.

Қорыта айтқанда, Қазақстанда ұлттық рейтингтік агенттіктің құрылуы қаржы нарығы инфрақұрылымын нығайтып, отандық бизнес үшін рейтинг алу құнын төмендетуге, шағын және орта бизнестің капитал нарығына қолжетімділігін кеңейтуге және рейтингтік қызметтен түсетін табыстың ел ішінде қалуына мүмкіндік береді. Сонымен бірге халықаралық әдіснамаға сүйенгенмен, агенттіктің шынайы тәуелсіздігі мен объективтілігін қамтамасыз ету, саяси немесе корпоративтік ықпалдан қорғау және оның рейтингтерін нарық пен шетелдік инвесторлардың мойындауына қол жеткізу басты сын-тегеурін болмақ. Сондықтан шетелге телмірген саланың жаңа тынысының ашылуы, ұлттық рейтингтік агенттіктің беделі мен табыстылығын басқару сапасына, ашықтығына және халықаралық стандарттарға қаншалықты адал болатынына тікелей байланысты.

ӨҢІР ЭНЕРГЕТИКАСЫ ӨРІСТЕЙ АЛА МА?

Атырау – батыс өңірінің қақпасы ғана емес, отандық, шетелдік инвесторларды тоғыстырған ірі мұнай-газ секторы аймағына айналған облыс. Әсіресе, кейінгі жылдары өндіріс көлемінің артуы, жаңа кәсіпорындардың іске қосылуы және халық санының өсуі электр энергиясына деген сұранысты айтарлықтай арттырып отыр. Жаз болса апат болып, жарық та ажыратылатын кез аз емес.

А Баян ЖАНҰЗАҚОВА, Атырау облысы

Жақында «Батыс Қазақстан энергия жүйесін Қазақстан Бірыңғай электр энергетикалық жүйесімен біріктіру» жобасының жүзеге асыруымен танысу мүмкіндігі тұды. Атырау облысында жүзеге асырылып жатқан ірі энергетикалық жоба алдағы жылдары өңір тұрғындары мен кәсіпорындарын тұрақты электр энергиясымен қамтамасыз етуге мүмкіндік беруге тиіс. Мамандардың айтуынша, жаңа жоғары вольтты электр желілері мен заманауи қосалқы стансалар пайдалануға берілгеннен

кейін электр қуатының тапшылығы азайып, апаттар саны едәуір қысқарады.

Бұл жоба еліміздің энергетика сала-сындағы стратегиялық маңызы зор бас-тамалардың бірі саналады. Өйткені қазір Атырау, Маңғыстау және Батыс Қазақстан облыстары Қазақстанның Бірыңғай электр энергетикалық жүйесінен оқшау орналасқан. KEGOC АҚ Батыс филиалының директоры Константин Чернохаевтың айтуынша, бұл жоба Батыс Қазақстанның энергетикалық тәуелсіздігін күшейтуде ерекше рөл атқарады.

– Бұрын жүзеге асырылған «Жетіқара – Өлке» жобасы Ақтөбе облысын бірыңғай

жүйеге қосуға мүмкіндік берді. Ал қазіргі «Өлке – Қарабатан» жобасы Батыс энергетикалық торабын одан әрі күшейтеді, – деді.

Жоба аясында 500 кВ «Қарабатан» қосалқы стансасы салынып, 500 кВ «Өлке» қосалқы стансасы кеңейтілді. Сонымен қатар ұзындығы 578,2 шақырым болатын «Өлке – Қарабатан» жоғары кернеулі өзе электр жеткізу желісі тартылады. Оның 238,9 шақырымы Атырау облысы аумағынан өтсе, 339,3 шақырымы Ақтөбе облысында орналасады.

KEGOC АҚ Батыс филиалының бас инженері Бейбіт Бағытовтың айтуынша, құрылыс жұмыстары белгіленген кестеге сай жүргізіліп жатыр. «Қарабатан» және «Өлке» қосалқы станцияларына арналған негізгі жоғары вольтты жабдықтар жеткізілген. Оның ішінде, айырғыштар, 500 кВ автотрансформаторлар мен реакторлар бар. Бүгінде 4 156 іргетас орнатылып, 619 металл тірек монтажданыпты. Жобаны жүзеге асыру барысында отандық өнімдерге басымдық беріліп отыр.



Мамандардың айтуынша, жоба толық іске қосылғаннан кейін Батыс Қазақстан өңірлерінің энергетикалық қауіпсіздігі едәуір артады. Электр энергиясының тапшылығы төмендеп, өндірістік кәсіпорындардың тұрақты жұмыс істеуіне

жағдай жасалады. Сонымен қатар тұрғындарды сапалы әрі сенімді электр қуатымен қамтамасыз ету деңгейі жоғарылайды. Құны 201,8 миллиард теңгені құрайтын жоба 2027 жылы толық аяқталады деп жоспарланып отыр.

ТЕХНОГИГАНТТАР ДА ТӘРТІПКЕ БАҒЫНАДЫ

Соңғы жылдары қазақстандықтардың күнделікті өміріне шетелдік цифрлық сервистер мен интернет-платформалар мықтап енді. Бірі онлайн сауда жасайды, бірі фильм көреді, енді бірі түрлі қосымша мен жасанды интеллект қызметтерін пайдаланады. Бұрын мұндай компаниялардың басым бөлігі Қазақстан аумағында табыс тапқанымен, олардың қызметінен бюджетке түсетін салық көлемі айтарлықтай емес еді. Осы олқылықтың орнын толтыру мақсатында бірнеше жыл бұрын енгізілген «Google салығы» бүгінде мемлекет қазынасының маңызды кіріс көздерінің біріне айналып отыр.

А Кәмила ДҮЙСЕН

Биыл Мемлекеттік кірістер комитеті шетелдік интернет-компаниялардың салық төлеу тәртібіне қатысты бақылауды күшейтуді жоспарлап отыр. Әсіресе, қосылған құн салығын төлеуден жалтарып жүрген платформаларға қатысты талап қатаңдай түспек.

САЛЫҚ ТӨЛЕМЕГЕН ПЛАТФОРМАЛАР БҒАТТАЛУЫ МҮМКІН

Мемлекеттік кірістер комитетінің Цифрлық активтерді әкімшілендіру басқармасы шетелдік интернет-платформалардың Қазақстандағы қызметін тұрақты бақылауда ұстап отыр. Атап айтқанда, олардың салық міндеттемелерін толық әрі уақытылы орындауына ерекше назар аударылууда. Қазір мамандар шетел-



дік компаниялар төлеген қосылған құн салығының көлемін талдап, есептердегі сәйкессіздіктерді анықтауда.

Басқарма басшысы Талғат Әділовтың айтуынша, биылдан бастап салық міндеттемелерін жүйелі түрде орындамайтын шетелдік платформаларға қатысты жана тәжірибе енгізіледі.

— «Сондай-ақ биыл шетелдік интернет-платформалардың ішінде қосылған құн салығын төлеуден жалтарып жүргендерге қатысты бұғаттау тәжірибесі енгізіледі», — деді Талғат Әділов.

Оның айтуынша, қазір Мемлекеттік кірістер комитетінің қолында бұғатталуы ықтимал компаниялардың тізімі бар. Дегенмен мемлекеттік орган бірден шектеу қоюға асықпайды. Алдымен түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, компанияларға ескерту жіберіледі.

— «Біз компаниялармен кездесулер өткізіп, түсіндіру жұмыстарын жүргізіп жатырмыз. Алдағы бір-екі ай ішінде бұғат-

тау нормасын қолдана бастаймыз. Ең алдымен хабарлама жіберіледі, кейін төлемдердегі айырмашылықтардың себебі анықталады. Төлеуші өз түсініктемесін беруі тиіс. Егер біздің хабарламамыз ескерусіз қалса, онда тиісті шаралар қабылданып, платформа бұғатталады», — деп түсіндірді басқарма басшысы.

Бұл жерде әңгіме тек техникалық шектеу туралы емес. Сарапшылардың пікірінше, мұндай талаптар Қазақстандағы цифрлық нарықтың барлық қатысушысына бірдей жағдай қалыптастыруға бағытталған. Өйткені жергілікті кәсіпкерлер мен компаниялар барлық салықты уақытылы төлеп отырғанда, халықаралық платформалардың заң талаптарын елеулі әділетсіз бәсекеге әкелуі мүмкін.

Соңғы тексерулер барысында бірқатар шетелдік платформаның салық төлемдерінде айырмашылықтар анықталған. Камералдық бақылау нәтижесінде 77 шетелдік онлайн-платформа өз міндетте-

мелерін толық көлемде орындамағаны белгілі болды. Осыған байланысты компанияларға ескерту жасалып, Қазақстан заңнамасына сәйкес тіркелу және есеп беру талаптары түсіндірілген.

Тексеру қорытындысы бойынша бюджетке қосымша 2,4 миллиард теңгеден астам қаражат түскен. Оның ішінде әлемге танымал ChatGPT қызметі шамамен 1,8 миллиард теңге көлемінде қосымша төлем жасаған. Ал AliExpress платформасы 600 миллион теңгеден астам салық төлеген.

Бұл көрсеткіштер Қазақстан нарығының халықаралық цифрлық компаниялар үшін қаншалықты маңызды екенін аңғартады. Сонымен қатар мемлекет тарапынан жүргізіліп жатқан бақылау жүйесінің нәтижесін де көрсетеді.

«GOOGLE САЛЫҒЫ» БЮДЖЕТКЕ МИЛЛИАРДТАР ӨКЕЛДІ

Көпшілік арасында «Google салығы» деген атаумен танылған төлем түрі Қазақстанда 2022 жылдан бастап қолданылады. Алайда бұл салық тек Google компаниясына ғана қатысты емес. Ол Қазақстан азаматтарына интернет арқылы қызмет көрсететін немесе тауар сататын барлық шетелдік платформаға ортақ талап түрінде енгізілген.

Талғат Әділов бұл жүйенің қалай жұмыс істейтінін түсіндірді.

— «Google салығы» деп аталып кеткен бұл төлем шын мәнінде шетелдік интернет-платформаларға салынатын қосылған құн салығы. Ол 2022 жылдан бастап енгізілді. Салық салу нысаны — интернет-платформалар арқылы жеке тұлғаларға көрсетілетін қызметтер мен сатылатын тауарлар. Қазақстандағы ең ірі салық төлеушілердің бірі — Apple компаниясы. Олар 2022 жылдан бері осы салық бойынша 24 миллиард теңге төледі. Сонымен қатар Google мен Counter-Strike және Dota

2 ойындарының әзірлеушісі Valve сияқты ірі компаниялар да Қазақстанда қызмет көрсетуден түсетін табыстары үшін қосылған құн салығын төлейді», — деді ол.

Шын мәнінде, бұл салықтың мәні қарапайым. Егер қазақстандық азамат шетелдік платформадан ақшаны қызмет сатып алса, фильм көруге жазылса, ойын ішіндегі контентке ақша жұмсама немесе жасанды интеллект қызметтерін пайдаланса, онда сол операциядан мемлекетке қосылған құн салығы төленуі тиіс.

Мемлекеттік кірістер комитетінің мәліметіне сәйкес, бүгінде Қазақстанда 131 шетелдік интернет-компания ресми тіркелген. Бұл көрсеткіш соңғы төрт жылда айтарлықтай өскен. Себебі халықаралық компаниялар Қазақстан нарығының көлемін ескеріп, жергілікті заң талаптарына бейімделуге мәжбүр болып отыр.

«Google салығы» енгізілгеннен бері бюджетке түскен жалпы түсім көлемі 171 миллиард теңгеге жеткен. Ал 2026 жылдың соңына дейін қосымша тағы 100 миллиард теңгеге жуық қаражат түсуі мүмкін деген болжам бар.

Бұл қаржы мемлекет үшін маңызды ресурс саналады. Өйткені цифрлық экономика жылдан-жылға ұлғайып келеді. Онлайн сауда көлемі өсіп жатыр, ақылы сервистерге жазылушылар саны артып келеді, ал жасанды интеллект құралдары күнделікті өмірдің бір бөлігіне айналууда. Демек, цифрлық қызметтерден түсетін салық түсімі де алдағы жылдары көбейе бермек.

Мамандардың айтуынша, Қазақстан қазір әлемдегі көптеген елдер ұстанып отырған тәжірибені қолдануда. Еуропа мемлекеттері, Ұлыбритания, Канада және басқа да елдер халықаралық цифрлық алыптардың өз аумағында тапқан табысынан салық төлеуді талап етеді. Қазақстан да осы бағыттағы жұмысты жүйелі түрде жалғастырып келеді.

Астық өндіруде әлемде алдыңғы қатарлы елдер санатына кіретін Қазақстан өнімін экспорттаушылар арасында да үлкен беделге ие. Әлемдік рейтингте көш басындағы мемлекеттердің бірі саналады. Осы үрдіспен соңғы жылдары Ауғанстан нарығы да біздің елдің үлкен тұтынушыларының біріне айналған еді. Алайда екі ортада кесекөлденең жатқан Өзбекстан осы сауда байланысынан үлкен пайда көре бастады. Әсіресе, географиялық мүмкіндігін ұтымды пайдаланған оңтүстік көршіміз Ауғанстанға үн сатуда біздің елді басып озды. Ақылға салса, экспорт табысында алдымен біз аталуымыз керек еді. Бірақ белгілі себептермен өзгеағайындардан үн экспортында ұтылып отырмыз.

А Ербол ТҰРЫМБЕТ

ЕСЕ ЖІБЕРУГЕ ӨЗІМІЗ ЖОЛАШТЫҚ

Экономика және аграрлық сала сарапшысы, академик Төлеуай Рахымбековтің айтуынша, Қазақстан 2025 жылдың қорытындысы бойынша Ауғанстанға небәрі 1,05 млн тонна үн сатқан. Ал Өзбекстан шамамен 1,6 млн тонна үн жөнелткен. Бір қызығы, осыныша көлемдегі үнды өндіру үшін өзбек ағайындар Қазақстаннан 2,2 млн тонна астық сатып алған.

Оның сөзінше, мұнда өзекті өртейтін екі жағдай бар. Біріншіден, отандық астық өңдеу кәсіпорындары қазақстандық бидайдың ең ірі сатып алушыларының бірі болып келген еді. Олар ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерден өнімді жыл бойы нарықтық бағамен алатын. Екіншіден, ел ішінде өңделген әрбір тонна астық шамамен 50 доллар көлемінде қосымша қосылған құн береді. Бұған қоса, салық түсімдері артып, жұмыс орындары сақталатын әрі осы саламен сабақтас жүретін басқа тіршілік түрлері де жанданатын. Алайда астықты өңделмеген күйі жаппай сыртқа сатудың кесірінен осындай үлкен пайдалан қағылып отырғанымыз өкінішті.

Енді әңгіме өзегі болып отырған Өзбекстанның ресми мәліметтеріне қарасақ, «есесін тапқан екі асайды» деген тәсілге саяды. Олар былтыр бидай үны экспортының көлемін айтарлықтай арттырып, бес шетел мемлекетіне шамамен 1,6 млн тонна үн экспорттаған. Содан жалпы құны 441,7 млн доллар тауып отыр. Бұл көрсеткіш алдыңғы жылмен салыстырғанда 473,3 мың тоннаға немесе 42,3%-ға артық. Міне, нәтиже! Сол былтырғы өзбек ұнының негізгі тұтынушылары кімдер десек, ең алдында Ауғанстан тұр. Бүкіл үн экспортының 99%-ы дерлік — 1 590 193 тоннасы сол жаққа кеткен. Одан соң Тәжікстан, Қырғызстан, Түрікменстан сияқты көршілеріне сатқан көлемі әрқайсысында мың тоннаға жетпейді. Демек, Өзбекстан астықты шикізат күйінде алып, оны дайын өнім түрінде сатып, екі ортада бізден ар-

ӨНДІРЕТІН — ҚАЗАҚСТАН, ӨҢДЕЙТІН — ӨЗГЕ ЖҰРТ



тық табысқа кенеле бастағанын статистикасымен көрсетіп отыр.

Ол ол ма?! «Алтын шыққан жерді белден қаз» деген нақылды берік ұстанған сияқты. Кәсіпкер Дос-Мұқасан Тәукебаевтың айтуынша, Өзбекстанда соңғы 10 жыл ішінде заманауи үлгідегі 500-дей диірмен салынған. Ал Қазақстан жағдайында диірмендер ескі, 20 жылдан бері қолданылып келе жатыр. Осы аралықта айналасы он шақтысы жаңартылған болуы мүмкін. Демек, көзін тапқан тірлікті одан әрі дамытуға күш салып жатыр деген сөз.

КЕЛІСІМ БАР, ЖЕТІСТІК ҚАНДАЙ?

Ауғанстан дегенде сол жақпен сауда қарым-қатынас орнай бастағалы ел Үкіметі атынан Премьер-министр орынбасары Серік Жұманғарин сол жаққа жиі шапқылап жүр. Жыл сайын екі ел арасындағы бизнес-форумға қатысып, екі жақтың бизнес өкілдерінің арасына көпір салып келеді. Мұндай жиын биыл да болды. Осыдан екі күн бұрын, 21 маусымда Кабулда болып, сол жақтағы форумның ашылуында сөз сөйледі. Онда да осы Қазақстаннан жөнелтілетін тауарлар түрін тізбектеп, соның ішінде үн экспорты да бар екенін ерекшелеп айтып кетті. Ол жақтан бізге қарай жеміс-жидек түрлері жеткізіліп, олар еліміздің танымал сауда желілерінің сөрелеріне түспек.

Келісім сөз жүзінде сайрап тұрғанымен, іс жүзінде кемшін тартып жатқаны түсініксіз. Өйткені осындай мәліметтерді көре тұра Қазақстан үн экспортында өзіне ұтымды жолдарды қарастыра баста-

са дұрыс еді. Бірақ ортадағы Өзбекстан мәселесіне бас қатырып жатқан біздің Үкіметі жоқ. Ал астық тақырыбы әлем нарығында әлі де қыза түсетіні сөзсіз. Оның үстіне, үн экспортында бұлай ұтылып отыра беруге болмайтынын әлемдік статистика да көрсетіп отыр. Айталық, 2005 жылғы әлемдік бидай үны экспорты нарығының көлемі шамамен 9 млн тоннаға бағаланған екен. Арада 10 жыл өткенде әлемдік бидай үны саудасы айтарлықтай өсім көрсетіп, жалпы сауда көлемі 13 млн тоннадан асқан. Өсім қарқыны мұнымен тоқтап қалмапты. Халықаралық астық кеңесі (IGC) бағалауы бойынша, былтырғы әлемдік үн саудасының көлемі шамамен 16 млн тоннаны құраған. Осылайша, 2005 жылдан 2025 жылға дейінгі аралықта әлемдік бидай үны саудасы шамамен 7 млн тоннаға немесе 78%-ға жуық өскен. Сондықтан сала өкілдері астық саудасы бірте-бірте азая береді деген негізсіз қауесетті қою керек деген қатан пікір ұстанады.

Бір жағынан, «үн экспортынан ұтылып отырмыз» дегенде әңгіме тек Ауғанстан нарығына қатысты екенін ескеруіміз қажет. Себебі дереккөздерге қарасақ, Қазақстанның бидай экспорты құрылымындағы үнның үлесі бүгінде шамамен 20%-ды құрайды. Бұл — бидай экспорттаушы елдер арасындағы ең жоғары көрсеткіштердің бірі. Өзгелермен салыстырып қарасақ, Аргентинада ол небәрі 5%, ал Ресейде тіпті 3%. Ірі экспортшылар деп саналатын АҚШ, Еуроодақ, Канадаларыңызда одан да аз.

Жалпы рейтингті тізбелеп қарасақ, Астық өндірушілер одағының мәліметі бойынша, 2024-2025 маркетингтік жылының қорытындысында әлемдік үн экспортына үздіктер былай қалыптасқан:

Түркия — 3,02 млн тонна
Қазақстан — 1,88 млн тонна
Өзбекстан — 1,12 млн тонна
Мысыр — 0,65 млн тонна
Еуропалық Одақ — 0,42 млн тонна
Ресей — 0,28-0,30 млн тонна
Пәкістан — 0,20-0,25 млн тонна
АҚШ — 0,18-0,20 млн тонна
Аустралия — 0,18-0,20 млн тонна
Украина — 0,15-0,20 млн тонна

Ал бидайдың өзіне келсек, Қазақстан 2024-2025 маусымында шамамен 10,1 млн тонна экспорттаған. Бұл көрсеткішпен Қазақстан әлемде жетінші орында тұр. Айта кетерлігі, мұнда азық-түлік ұнының экспорты ғана есепке алынған. Ал жем ретіндегі көлемі есептелмеген. Сарапшылардың болжамына, 2026 жылдың қорытындысында оның сатылымы азық-түлік ұнынан асып түсуі мүмкін.

АЙНАЛЫП ӨТЕР ЖОЛДЫҢ ҚИЫНДЫҒЫ ДА БАР

Көршілерімізге сауда сайысында жол беріп отырмас үшін сала өкілдері өз білгендерін айтып жатыр. Бұл жайында agrosearch.kz сайтында жазылды. Мәселен, Қазақстанның Астық өңдеушілер одағы үн мен астық экспортын жүзеге асыру үшін Түрікменстан арқылы өтетін балама бағытты дамытуға қажеттілігін айтады. Сол үшін «Болашақ» стансасы аума-

ғында логистикалық кешен құруды ұсынады. Аталған одақ осы ұсынысын мемлекеттік органдарға жолдаған. Сол үндеуде қазір қазақстандық өнімдердің, оның ішінде астық пен ұнның Ауғанстан бағытына экспортталуының басым бөлігі Өзбекстан аумағы арқылы транзитпен жүзеге асырылатыны айтылған. Бұл бағыттағы тасымал құны бір тоннасына шамамен 55 доллардан келеді. Ал Түрікменстан арқылы өтетін транзиттің құны тоннасына шамамен 47 доллар деп бағаланады.

Одақ өкілдерінің бағалауынша, түрікмен бағытын пайдалану әр тонна өнім бойынша тасымал шығындарын 8 долларға дейін қысқартуға мүмкіндік береді. Егер жылдық экспорт көлемі 1-2 млн тонна болған жағдайда, жылына 8-ден 16 млн долларға дейін үнемдеп отыруға мүмкіндік туады.

Бірақ бұл бағытты қолға алудың қиындықтары да бар. Өйткені «Болашақ» стансасындағы инфрақұрылым жеткіліксіз. Оған іргелес жатқан аумақтарда да технологиялық жабдықталу жағы мөз емес. Мұның бәрі ұтымды логистика құруға айтарлықтай кедергі келтіреді.

Мамандардың айтуынша, бұл тығырықтан шығудың тиімді жолы бар. Ол үшін заманауи көпфункционалды логистикалық ауыстырғы тиеу кешенін салу ұсынылып отыр. Жоба аясында үн мен қайта өңделген өнімдерді тиеп-түсіруге арналған нысандар, сұйық жүктерді өңдеу қуаттары, контейнерлік терминал, уақытша сақтау қоймалары, сондай-ақ келендік және цифрлық инфрақұрылым қарастырылуы мүмкін. Бұл іске асқан жағдайда Қазақстан — Түрікменстан — Ауғанстан, одан әрі Иран бағытын дамытуға мүмкіндік береді, яғни ауған нарығымен шектеліп қалмай, Иран бағытымен де әртараптандыруға болады. Өзбекстан территориясына тәуелділіктен осылай құтылуға болады деп есептейді.

Экономист Төлеуай Рахымбеков те осыған ұқсас нұсқасын айтады. Оның сөзіне, Өзбекстан мен Қазақстан ТМД мүшелері. Екі ел арасында келендік баж болмауы керек. Бұл қағида 1992 жылы жасалған ТМД құру туралы келісім арқылы бекітілген. Кейін, 2011 жылы мемлекеттер арасында тауарларды бажсыз әкелу мен есептуді реттейтін ТМД-ның еркін сауда аймағы туралы шартқа қол қойылды.

Алайда мәселе басқанда болып тұр. Өзбекстан да, Тәжікстан да қазақстандық үн импортына жоғары акциздік салықтар енгізген. Сондықтан біздің үн өндірушілер қарапайым шешім ұсынған болатын. Астықты оңтүстік бағытқа тасымалдауға жоғары теміржол тарифтерін енгізіп, ал үн тасымалына тарифтерді төмендетсе болар еді.

Бұл жағдайда біріншіден, КТЖ мемлекеттік компания болғандықтан, Үкімет нұсқауын орындайды. Екіншіден, солтүстік облыстардан оңтүстік шекараға дейінгі тасымал бағытының шамамен 99%-ы Қазақстан аумағы арқылы өтеді. Сондықтан теміржол тарифтері арқылы астықты ел ішінде өңдеуге ынталандырып, дайын өнім — үн экспортын қолдауға мүмкіндік болады.

ДАУА

23 МАУСЫМ 2026 | СЕЙСЕНБІ

Он мың адамның бірінде ғана кездесетін дерттер бар. Өкініштісі, сирек кездесетін аурудың түрі де көп. Мысалы, әлемде тұқым қуалайтын орфандық аурулардың 7 мыңнан аса түрі кездеседі. Денсаулық сақтау министрлігінің есебінше, кейінгі 5 жылда сирек кездесетін кеселге шалдыққандар саны 42 мыңнан 91 мыңға өскен, оның 14 мыңнан астамы балалар болып отыр. Ең қиыны, пациенттерге уақытылы ем-дом жасалмаса, соңы мүгедектікке, не өлімге әкеп соқтырады. Бүгінде елімізде буллезді эпидермолиз ауруына шалдыққан балалардың да саны артқан. Бұл диагнозбен 126 науқас медициналық есепте тұрса, оның 92-сі – балалар. Сирек кездесетін кесел және оны емдеу жөнінде сауалдарымызды Қазақ дерматология және инфекциялық аурулар ғылыми орталығы Жоғары оқу орнынан кейінгі және қосымша білім беру бөлімінің меңгерушісі, дәрігер-дерматовенеролог Сәния Әлмешқызына қойған едік.

Сәния ӘЛМЕШҚЫЗЫ, дәрігер:

БУЛЛЕЗДІ ЭПИДЕРМОЛИЗГЕ ШАЛДЫҚҚАН НАУҚАСТАР КӨБЕЙДІ

— Буллезді эпидермолиз жайында толығырақ ақпар берсеңіз. Ауру тек тұқым қуалау арқылы беріле ме?

— Буллезді эпидермолиз — тері мен шырышты қабықтардың аса нәзік болуына әкеп соғатын сирек кездесетін тұқым қуалайтын ауру. Денеге қолдың тиіп кетуі, киімнің үйкелуі, жүру, қозғалу секілді болмашы механикалық әсердің өзі — көпіршік, эрозия т.б ауыр жаралардың пайда болуына басты себеп. Таралу көрсеткіші төмен болғанымен, бұл ауру қазір дерматологиядағы ең күрделі мәселенің бірі болып отыр. Дерт пациенттердің денсаулығы мен өмір сүру сапасына айтарлықтай кері әсерін тигізеді.

Аурудың негізгі себебі — терінің беріктігіне жауап беретін ақуыздардың қызметін бұзатын генетикалық өзгерістер. Соның салдарынан тері қабаттары бір-бірімен әлсіз байланысып, өте тез зақымдалады. Баса айта кететін жайт, буллезді эпидермолиз жұқпалы ауру емес және адамнан адамға жұқпайды. Халықаралық зерттеулерге сәйкес, бұл дерт орта есеппен бір миллион халықтың 8-20 адамында кездеседі. Буллезді эпидермолиздің түрлі формасымен дүниеге келетін балалардың көрсеткіші шамамен 17-50 мың жана туған нәрестеге бір жағдайдан келеді.

Бүгінде мамандар аурудың төрт негізгі түрін бөліп қарастырады: карапайым, шекаралық (юнкционалды), дистрофиялық буллезді эпидермолиз және Киндлер синдромы. Олардың әрқайсысының өзіндік ерекшелігі бар.

— Буллезді эпидермолиз тек теріге әсер ете ме? Елімізде бұл ауруға шалдыққандар саны неге артып келеді?

— Аурудың ауыр түрлерінде тек тері зақымданбайды. Патологиялық үдеріске ауыз қуысы, өңеш, көз, асқазан-ішек және несеп-жыныс жолдарының шырышты қабықтары да тартылуы мүмкін. Бұл өте ауыр асқынудың әкеліп, науқастың күнделікті белсенділігін айтарлықтай шектейді.

Кейінгі жылдары Қазақстанда буллезді эпидермолиз анықталған науқастар саны артты. Бұл ең алдымен диагностиканың дамуына, генетикалық зерттеу мүмкіндік-

және тұқым қуалау қаупін бағалауға мүмкіндік береді. Бүгінде әлем буллезді эпидермолизді емдеуде айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізді. Жараларды күту әдістерін жетілдірумен қатар гендік терапия, жасушалық технологиялар және регенеративті медицина бағыттары қарқынды дамып келеді.

Аурудың көптеген түрін толығымен емдейтін тәсіл әзірге болмағанымен, заманауи медициналық технологиялар пациенттердің өмір сүру сапасын арттырып, өмір сүру ұзақтығын едәуір ұзартуға септігін тигізіп жатыр.

— Буллезді эпидермолизге шалдыққан балаларды ауызекі тілде «көбелек балалар» деп атап жатады екен, бұл қаншалықты дұрыс атау?

— Бүкіл әлемде буллезді эпидермолизбен өмір сүретін бүлдіршіндерді «көбелек балалар» деп атайды. Бұл бейнелі ату



серлік бақылау, пәнаралық сүйемелдеу, мамандандырылған диагностиканы дамыту және қазіргі халықаралық тәсілдерді енгізу мәселелеріне ерекше назар аударып жатырмыз. Генетикалық технологияларды дамыту, генодерматоздары бар пациенттерге арналған арнайы инфрақұрылым құру, пациенттердің регистрін қалыптастыру және халықаралық ынтымақтастықты кеңейту маңызды бағыт болып қала береді. Осы шаралардың бәрі медициналық көмектің қолжетімділігін арттыруға және сирек кездесетін тұқым қуалайтын тері ауруларымен өмір сүретін адамдардың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған.

— Жақында Қазақ дерматология және инфекциялық аурулар ғылыми орталығы жанынан терінің, шаштың, тырнақтың және шырышты қабықтардың патологиялық өзгерістерімен көрініс табатын тұқым қуалайтын аурулар тобын емдеу бөлімшесін ашу жұмыстары басталды. Болашақта жобаның қандай игілігін көре аламыз?

— Қазір орталық сирек кездесетін тұқым қуалайтын тері аурулары бар науқастарға мамандандырылған көмек көрсетуді дамыту бойынша жұмыстар жүргізіліп жатыр. Осындай басым бағыттың бірі — генодерматоздар бөлімшесін құру. Бұл бөлімше тері, шаш, тырнақ және шырышты қабықтардың тұқым қуалайтын аурулары бар науқастарды кешенді түрде медициналық сүйемелдеуге бағытталады. Жана бөлімшенің жұмысы пациенттерді емдеуді, динамикалық бақылауды және оналтуды қамтиды деп жоспарлануда. Сирек кездесетін тері аурулары бар науқастарды емдеудің заманауи халықаралық әдістеріне де ерекше назар аударылады. Жоба аясында қазіргі заманғы телемедицина технологияларын, мамандандырылған таңғыш материалдарды және халықаралық ұсыныстарға сай клиникалық алгоритмдерді қолдану көзделіп отыр.

Бөлімшеде буллезді эпидермолизден бөлек, ихтиоздың түрлі формасы, Дарье ауруы, тұқым қуалайтын кератодермиялар, нейрофиброматоздың терідегі көріністері және басқа да сирек кездесетін генодерматоздары бар пациенттер көмек ала алады. Бөлімшені ашу бойынша дайындық жұмыстары басталып кетті. Болашақта пациенттерге жайлы жағдай жасалып, палаталар жабдықталып, қажетті құрал-жабдықтар сатып алынады. Терісі аса сезімтал пациенттер үшін қауіпсіз әрі қолайлы орта қалыптастыру — біз үшін өте маңызды. Соның арқасында бөлімшеге жаңа заманауи функционалды қорықтар, үстелдер мен орындықтар орнатылды. Осындай мамандандырылған бағыттарды дамыту орфандық аурулар саласындағы қазіргі әлемдік тенденцияларға толық сәйкес келеді. Жобаны іске асыру сирек кездесетін тұқым қуалайтын тері аурулары бар науқастар үшін мамандандырылған медициналық көмектің қолжетімділігін арттыруға, диагностика мен емдеу мүмкіндіктерін кеңейтуге, сонымен қатар пациенттер мен олардың жақындарының да өмір сүру сапасын жақсартуға мүмкіндік береді. Қысқасы, генодерматоздар бөлімшесінің құрылуы отандық дерматологиялық қызметті дамытуды маңызды кезеңі деуге болады.

Сұхбаттасқан
Айсұлу СЫБЭХАН



Аурудың ауыр түрлерінде тек тері зақымданбайды. Патологиялық үдеріске ауыз қуысы, өңеш, көз, асқазан-ішек және несеп-жыныс жолдарының шырышты қабықтары да тартылуы мүмкін.

терінің кенеюіне және сирек кездесетін аурулары бар науқастарды есепке алу жүйесінің жетілдірілуіне байланысты. Ауруды ерте анықтаудың маңызы зор. Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, уақытылы жасалған диагностика көптеген асқынудың алдын алуға, науқастардың өмір сүру сапасын жақсартуға және неғұрлым тиімді медициналық сүйемелдеуді қамтамасыз етуге жол ашалады.

Қазір ауруды диагностикалау клиникалық көрініс пен заманауи генетикалық зерттеулерге негізделген. Молекулалық-генетикалық диагностика аурудың түрін дәл анықтауға, диагнозды растауға

терінің көбелектің нәзік қанатындай өте жұқа әрі осал болуына байланысты айтылған. Біле білсеңіз, ауруға шалдыққан баланы жай ғана құшақтаудың өзі теріні зақымдап, жараның пайда болуына әсер етеді, сондықтан ата-аналар мен медицина қызметкерлері тарапынан үнемі күтім қажет. Мұндай балаларда тамақтану қиындықтары, дене салмағының тапшылығы, анемия, буын қозғалысының бұзылуы, стоматологиялық мәселелер және созылмалы ауырсыну синдромы қатар кездесіп жатады.

Елімізде тіркелген буллезді эпидермолизі бар науқастардың басым көбі —

СЕРПІН

АЛАКӨЛДЕ ТУРИСТІК МАУСЫМ АШЫЛДЫ

Алакөл жағалауында биылғы туристік маусым ресми ашылды. Соған орай «Алакөл алаулары – 2026» фестивалі ұйымдастырылды. Аққымды шараға Абай облысының әкімі Берік Уәли қатысып, тұрғындар мен демалушыларды туристік маусымның ашылуымен құттықтады.

Аймақ басшысы Алакөлдің табиғи ерекшелігі мен тарихи маңызына тоқталып, көлдің бүгінде еліміздің ғана емес, шетел туристерінің де қызығушылық танытатын бірегей демалыс орнына айналғанын атап өтті.

«Сонау есте жоқ ескі замандардан сұлулықтың символы, даламыздың ең бір есте қалар көркем нүктесі ретінде ғалымдар мен саяхатшылардың, жиһангездердің жазбаларында тұтас Азия мен Еуропаға аты кеткен даңқты мекен — Алакөл.

Бүгінде Алакөл еліміздің түкпір-түкпірінен ғана емес, көршілес мемлекеттер мен алыс шет елдерден туристер ағылып келетін ұйық мекен, жаныныштығын сыйлайтын қайырлы қонысқа айналды. «Алакөл



алаулары» фестивалі биыл тұңғыш рет өткізіліп отыр. Бүгінгі шараға Қазақстанның Халық әртісі Секен Тұрысбек бастаған еліміздің маңдайалды өнерпаздары, бүгінгі жас толқынның дарынды дауылпаздары арнайы келді. Баршаныңды еліміздің інжу-маржаны, ауасы бал, суы ем қасиетті Алакөлдегі биылғы жазғы демалу маусымы басталуымен шын жүректен құттықтаймын», — деді Берік Уәли.

Аймақ басшысы осындай концерттік бағдарламалар тамыз айына дейін жалғасып, аптасына екі рет, сәрсенбі, сенбі күндері ұсынылып отыратынын айтты. Өңірдің қала-аудандарының өнерпаздары, сондай-ақ «Абай елі — өнер кеніші» облыстық байқауына қатысқан өңші, биші, күйшілер келіп, демалушыларға көтеріңкі көңіл күй сыйлайтын болады. «Алакөл алаулары — 2026» фестивалі аясында Қазақстанның Халық әртісі, күйші-композитор Секен Тұрысбек, дәстүрлі ән өнерінің өкілі Динисламбек Жайлаубай, сондай-ақ қазақ эстрадасының танымал жұлдыздары Дана Кентай, Еркеш Хасен, Қанай және Зарина Омарова өнер көрсетті. Өнерпаздардың әсем әндері мен күмбірлеген күйлері Алакөл жағалауына



жиналған көрермендерге ерекше әсер сыйлап, мерекелік кештің сәнін кіргізді. Концертпен басталған іс-шара мерекелік оташаумен аяқталды.

Айта кетейік, туристік маусым қарсаңында Алакөл жағалауында инфрақұрылымды жанарту және абаттандыру жұмыстары жүргізілді. Президент тапсырмасы аясында демалушыларға қолайлы жағдай жасау мақсатында жағалауға 50-ден астам санитарлық-гигиеналық торап орнатылып, 35 душ кабинасы, 110 киім ауыстыру орны, 100 коқыс контейнері және 150 коқыс жинауға арналған контейнер жаңадан қойылды.

Туристердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында жағалауға ұзындығы 5 мың метр болатын қалқаншалар орнатылды. 224 бейнебақылау камерасы жұмыс істеп тұр. Соңғы екі жылда көл жағалауында 10 шақырым көше жолдарына асфальт төселді. Ерекше атап өтерлігі, биыл Үкіметтің қолдауымен ұзындығы 72 шақырым болатын «Көктал-Алакөл» электр желісінің құрылысы басталды. Бұл жоба Алакөл жағалауындағы электр қуаты тапшылығы мәселесін түбегейлі шешуге мүмкіндік береді.

Омар ҰЛАРБЕКҰЛЫ



АЙМАҚ

23 МАУСЫМ 2026 | СЕЙСЕНБІ



Тарихтың кілті – табылған жәдігерлерде. Соның бірі – өз бойында жылдар бойы өткен күннен сыр шертетін заттарды сақтап келген Талды алқабы. Қарағанды облысындағы осы жерде «Сарыарқаның көшпелі мәдениеті: Ұлы даланың құпиялары – Талды» атты халықаралық симпозиум өтті. Ғылыми форумға Қазақстан, Түркия, Германия, Мажарстан және Ресейден келген зерттеушілер қатысты.

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ, Қарағанды облысы

Конференция өтетін орын ретінде «Талды» паркінің таңдалуы кездейсоқ емес. Мұнда өңірдегі ең танымал ескерткіштердің бірі – қола дәуіріне жататын бірегей археологиялық нысан Қаражартас пирамидасы орналасқан. Ғалымдар «Талды» кешенін Ұлы даланың бай тарихы мен мәдени мұрасын айғақтайтын маңызды ескерткіштердің бірі деп санайды.

Симпозиумның ашылуында Қарағанды облысы әкімінің орынбасары Әлібек Әлденей қазіргі заманда тарихи ескерткішті сақтаудың маңыздылығына тоқталды.

— Бүгінде жасанды интеллект пен жана технологиялар өмірімізді қарқынды түрде өзгертіп жатыр. Алайда біздің кім

екенімізді және тамырымыздың қайдан бастау алатынын түсінуге тек тарих көмектеседі. Өз өткенін ұмытпаған халық өзінің болмысын сақтап қалады. Егер Мысыр пирамидалары Нил аңғары өркенінің символына айналса, Сарыарқадағы сак қорғандары Ұлы дала өркенінің ауқымы мен тереңдігін әлемге танытты, — деді ол.

Форум аясындағы маңызды оқиғаның бірі халықаралық ынтымақтастық туралы келісімдерге қол қою болды. Қарағанды облыстық тарихи-өлкетану музейі Венгрияның ARC-heo art-REKO студиясымен және әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Тарих факультетімен меморандумдар жасасты.

Тараптар бірлескен зерттеулер жүргізуге, тәжірибе алмасуға және тарихи-мәдени мұраны сақтауға бағытталған

ТАРИХ СЫРЫН БҮККЕН – ТАЛДЫ

жобаларды жүзеге асыруға уағдаласты.

Ұлы даланы ежелгі дәуірде мекендеген халықтар туралы тың деректерді ұсынған ғалымдар Талды өңірінің әлі де талай құпия мен жаңалықтың кілтін сақтап отырғанын атап өтті.

Түркиялық антрополог Назлы Ақбас қазіргі Орталық Қазақстан аумағында бірнеше мың жыл бұрын өмір сүрген адамдар туралы сөз қозғады.

талдау жасауға жеткілікті деңгейде сақталған.

— Ер адамның жамбас және омыртқа сүйектерінен үзінгісіз ұзақ уақыт атқа мінген адамдарға тән өзгерістер анықталды. Сүйектердің беріктігі олардың табиғи тағаммен қоректенгенін де көрсетеді, — деді зерттеуші.

Назлы Ақбастың пікірінше, Талды алқабы әлемдік ғылым үшін және мәдени-тарихи дәстүрлерді зерттеу тұрғысынан ерекше құндылыққа ие.



Сонымен қатар Талды тарихи-археологиялық кешенінің аумағындағы Ақкөз қорымынан табылған адам сүйектерін зерттеу нәтижелерін таныстырды.

Ғалымдардың анықтауынша, жерлеу орны ер адам мен әйелге тиесілі болған. Қорым көне дәуірдің өзінде тоналғанына қарамастан, сүйек қалдықтары ғылыми

Симпозиумда көтерілген тақырыптар ауқымы кең болды. Қатысушылар антропология, археология, археоботаника және археометрия салаларындағы зерттеулерді талқылады.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің археологы, профессор Мадияр Елеуов Қазақстанның археологиялық мұрасын сақтау мәселелеріне тоқталды.

Кейінгі жылдары Қызылорда аймағында заманауи спорттық нысандар бой көтеріп, материалдық-техникалық база нығайып, елді мекендерде ойын алаңдарының саны артты. Бұл мемлекет тарапынан бұқаралық спортты дамытуға бағытталған жүйелі жұмыстардың нәтижесі екені анық. Алайда жалпы спорттағы оң өзгерістерге қарамастан, салада шешімін күткен түйткілдер әлі де аз емес. Соның бірі – кезінде талай талантты тәрбиелеген Сыр велоспортының аяқалысы бүгінде көпшілікті алаңдатып отыр.



Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ, Қызылорда облысы

АЯКСЫЗ
ҚАЛҒАН БАСТАМА

Негізінен, әлемде веломәдениетті дамыту мәселесі үлкен басымдыққа ие. Тіпті бірқатар елдерде велосипед тек спорттық жарыс құралы емес, салауатты өмір салтының, экологиялық мәдениеттің және заманауи қалалық инфрақұрылымның ажырамас бөлігі саналады. Әсіресе, Еуропа елдері мен дамыған мегаполистер велосипедті күнделікті көлік құралы ретінде пайдалануға айрықша басымдық береді. Соның негізінде көптеген елде арнайы веложол-актардың қатары артып, бұл әуесқойлар жарысының тұрақты өткізілуі мен балалар спор мектебінің жүйелі жұмыс істеуіне жол аша түсті.

Бұған дейін Сыр өңірінде де велоспортты дамытуға бағытталған бірқатар бастама қолға алынған болатын. Соның ішінде Қызылорда қаласында арнайы веложол салу жобасы көпшіліктің көңілінен шыққан еді. Құрылыс жұмыстары басталып, бұл тұрғындар арасында үлкен үміт тудырғаны да рас.

Аталған жоба шамамен 2017 жылы қолға алынған. Жоспар бойынша Сырдария өзенінің сол жағалауын дамыту аясында ұзындығы 8,3 шақырымды құрайтын магистралды көше салу көзделген. Жоба құрамында төрт жолақты автокөлік жолымен қатар жаяу жүргіншілерге арналған жол және ең бастысы, велосипедшілерге арналған арнайы жолақ қарастырылған. Бастапқы жоспарға сәйкес, құрылыс жұмыстары 2021 жылы толық аяқталып, пайдалануға берілуге тиіс болатын.

Алайда баянда бастама толық жүзеге аспай, веложол құрылысы аяқсыз қалды. Салдарынан, кезінде үлкен үміт артылған өңірдегі велоспорттың дамуына серпін беруді тиіс маңызды инфрақұрылымдық жоба көптің арманна айналды. Бүгінде өңір тұрғындары мен спорт жанашырларын «Веложол құрылысы неге тоқталды?» деген

сауал толғандырады. Бірақ оның себебі осы кезге дейін ресми түсіндірілген жоқ.

Өңірдегі велоспортқа қатысты мәселе кеңестің де назарына ілігіп отыр. Бұл түйткіл велосипедшілердің қауіпсіздігі мен кәсіби деңгейін арттыруға айтарлықтай қиындық туғызып тұрғанын алға тартады.

«Ең алдымен, Қызылорда қаласында заманауи велотректің жоқтығы — басты мәселенің бірі. Бұған дейін велотрек салу жоспары айтылғанымен, жоба нақты жүзеге аспады. Арнайы жабық нысанның болмауы спортшылардың жыл бойы сапалы дайындық жасауына мүмкіндік бермей тұр. Сондықтан өңірде халықаралық талаптарға сай велотрек салу мәселесін қайта күн тәртібіне шығару қажет. Сонымен қатар республикалық және халықаралық жарыстарға қатысатын спортшылардың іссапар шығындары да қайта қарауды қажет етеді. Жеткіліксіз қаржыландыру олардың жарысқа толық құрамда қатысуына, тәжірибе жинақтауына және спорттық деңгейін арттыруына кері әсерін тигізеді. Сол сияқты материалдық-техникалық база мәселесі де назардан тыс қалмауға тиіс. Жаттығу велосипедтерін жаңарту, жарыстарды сүйемелдейтін арнайы автокөліктер сатып алу, спортшыларды сапалы велоформамен қамтамасыз ету де кәсіби спорттың ажырамас бөлігі екені белгілі. Бұған қоса, «Велосипед спорт түрлері бойынша кәсіпқой спорт клубының» қалрлық әлеуетін күшейтіп, қосымша штат бірліктерін енгізу және мамандардың еңбекақысын арттыру да уақыт талабынан туындап отыр. Сондықтан Сыр өңірінің велоспорттағы бұрынғы даңқын қайта жаңғырту үшін жергілікті билік тарапынан нақты қолдау мен бағыт шешімдер қажет. Аталмыш мәселеге орай тиісті орынға өзіміз тарапынан ұсыныс хат та жолдадық. Бұл мәселенің қай кезде нақты шешімін

арналған трибуналары, әмбебап ойын залы, велосипед жөндеу шеберханасы, велосипед сақтайтын қоймалар, туннель, кәсіби велошабандоздардың жаттығу алаңы, жаңадан келген спортшыларға арналған оқу-жаттығу залы мен автотұрақ қарастырылған заманауи нысан салынса деген мақсат бар. Жобаның жалпы құны шамамен 1 млрд теңгені құрайды. Оның ішінде жобалық-сметалық құжаттаманы әзірлеуге 2,5 млн теңге қажет. Егер жоба нақты жүзеге асырылатын болса, велосипедшілердің басты мәселесі шешімін табар еді. Жалпы, Қызылордада велотректің салынуы өңірдегі велоспорттың дамуына тың серпін берері сөзсіз. Сонымен қатар республикалық және халықаралық деңгейдегі жарыстарды өткізуге мүмкіндік жасап қана қоймай, жаңа чемпиондардың қалыптасуына жол ашылар еді. Алайда өңірден заманауи үлгідегі жабық велотрек салу мәселесі

білімді, жоғары сапалы 10 жаттықтырушы дайындайды екен. Алайда спортшылар бүгінде Ф.Мұратбаев атындағы орталық стадионның небәрі 507,6 шаршы метр аумағын жалға алып жаттығуға мәжбүр. Мамандар тарапынан өңірде велоспорт мектебі жұмыс істегенімен, спортшылар қауіпсіздігінің толық қамтамасыз етілуіне саланың жұмысын тежеп тұрғанын жеткізді.

Бір кездері Сыр өңірі велоспорттан талай мықтыны тұлғатп, республика көлемінде өзіндік мектебі қалыптасқан аймақтардың бірі саналғанын аға буын аңыз қылып айтады. Бүгінде сол дәстүрдің үзіле бастауы көпшілікті алаңдатып отыр. Қазіргі уақытта өңірде жүздеген жас спортшы шыңдалып жүргенімен, олардың заманауи талаптарға сай жаттығу жасауына жоғарыда аталған келеңсіздіктер келергі келтіруде. Ең бастысы, велотректің жоқтығы, арнайы веложолдардың салынбауы, материалдық-техникалық базаның әлсіздігі мен қаржыландыру мәселесі саланың дамуына тұсау болып отыр.

Соған орай бұған дейін Сыр бойында басталған веложол құрылысының не себепті тоқтап қалғанын жауапты мекемелер халыққа ашық түсіндіріп берсе құба-құп. Сондай-ақ велосипед спортының бүгінгі тағдырына қатысты нақты шешім қабылдағаны жөн. Ал халықаралық талаптарға сай жабық велотрек салу мәселесі кезекті жоспар күйінде қалмай, нақты іс жүзінде жүзеге асса, қанекей?! Бұл бірінші кезекте өңір спортына тың серпін беретін бірегей жоба болып, Сыр спорттың дамуына сүбелі үлесін қосар еді. Сонда ғана Сыр өңірінде велосипед спорты бойынша жана буын чемпиондардың өсіп жетілуіне жол ашылары сөзсіз.

Қалай дегенде де, Сыр өңірінде велосипед спортының дамуы үшін жедел түрде кешенді шаралар құру қажеттігі туындауда. Яғни веложол салу, материалдық базаны күшейту арқылы жас спортшыларды даярлаудың тиімді жүйесін қалыптастыру өздігінен сұранып тұр.

СЕРПІЛГЕНГЕ ДЕ СЫН БАР...

табатыны әзірге беймәлім күйде қалып тұр. Алдағы уақытта түбегейлі шешімін табаты деген үміт зор», — дейді қоғамдық кеңес мүшесі Нұрбек Дәуренбеков.

ЖҮЗДЕГЕН СПОРТШЫНЫҢ «ЖЫРЫ»

Қазір Қызылорда қаласында «Велосипед спорт түрлері бойынша кәсіпқой спорт клубы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі жұмыс істейді. Аталмыш клубта велоспортқа қызығушылық танытып жүрген өрендердің қарасы қалың. Клуб балалар мен жасөспірімдердің денсаулығын нығайту, бұқаралық спортты дамыту, дарынды спортшыларды анықтау, олардың теориялық және тәжірибелік даярлығын жетілдіру, халықаралық деңгейдегі спортшыларды тәрбиелеу міндеттерін жүзеге асыруға күш салып келеді. Осы орайда Сыр велоспортшыларын толғандырған мәселе төңірегінде сұрап көрдік. Өз кезегінде клуб тарапынан өңірде веложол салу өте өзекті мәселеге айналып тұрғанын растап отыр.

«Қызылорда облысында велоспорттың қалыптасуы мен дамуының өзіндік тарихы бар. Мекеме өз қызметін тиісті ережеге сәйкес жүзеге асырады. Негізгі мақсатымызға тоқталсақ, велоспорт бойынша спорт резервін даярлау және облыс пен Қазақстан Республикасының ұлттық құрама командаларына жоғары дәрежелі спортшылар тәрбиелеуге күш саламыз. Осы орайда жоғары нәтижелерге қол жеткізу үшін өңірде заманауи жабық велотрек салу қажеттілігі туындап отырғаны жасырын емес. Негізінен, келешекте көрермендерге

әзірге болашақтың еншісінде қалып тұр», — деп мәлімдеді аталмыш спорт клубы жазбаша жауабында.

Клубтың мәлімдеуінше, осы уақытқа дейін мекеме 5 халықаралық дәрежедегі спорт шеберін, 29-дан астам Қазақстан Республикасының спорт шеберін, 120-дан астам спорт шеберлігіне үміткерді және 90-нан астам бірінші спорттық разряд иегерін даярлаған. Қазір клубта Қазақстан чемпионаттарына, Азия және әлем біріншіліктеріне қатысатын 300-ге жуық спортшы жаттығады. Оларды жоғары



23 МАУСЫМ 2026 | СЕЙСЕНБІ



РИНГТЕ ЖАНҒАН БЕС ЖҰЛДЫЗ

Қазақ боксы тағы бір мәрте биіктен көрінді. Қытайдың Гуйян қаласында өткен Әлем кубогының екінші кезеңінде Қазақстан құрамасы шаршы алаңда керемет нәтиже көрсетіп, ел қоржынына бес алтын медаль салды. Бұл әлемдік рейтингтің салмағы сарапқа түскен, кіл мықтылар қолғап түйістірген халықаралық додадағы қазақ бокс мектебінің қуатын танытқан толайым табыс болды.

Жалпы, World Boxing Cup турнирі — элиталық боксшылар арасындағы рейтингті анықтайтын жарыс. Доданың өзі 3 кезеңнен тұрады. Алғашқы кезең сәуір айында Бразилияның Фос-де-Итуасу қаласында өтсе, екінші кезең 15-21 маусым аралығында Қытайдың Гуйян қаласында жалауын көтерді. Финалдық кезең қараша айының соңында Өзбекстанның Ташкент қаласында өтпек. Осы жолғы жарыста ерлер мен әйелдер арасында 20 медаль жиынтығы сарапқа салынып, Қазақстан намысын 17 спортшы қорғады.

Спорт сарапшысы Аслан Каженов Қытайдағы әлем кубогындағы нәтижені сәтті деп бағалауға толық негіз бар екендігін алға тартты. — Жалпы нәтижеге көңіл толады. Қытайдағы әлем кубогы Қазақстан құрамасы үшін оңай басталған жоқ. Алайда турнирдің қорытындысы өте сәтті болды. 5 алтын, 3 қола — жоғары көрсеткіш. Бұл арқылы біздің боксшылар әлемдік деңгейдегі орнын тағы бір мәрте дәлелдеді. Мұны әлемдік деңгей деп айтуға толық хақымыз бар. Өйткені бұл дода әлем чемпионатынан кем түскен жоқ. Бәсекелестік өте жоғары болды. Турнирге 44 елден 300-ге жуық боксшы қатысты. Әр жекпе-жекте қазақ жанкүйерлері ерекше ықыласпен тамашалады. Жігіттерге де, қыздарға да оңай болған жоқ. Оның үстіне, төрт бірдей боксшымыз салмақ дәрежесін ауыстырды. Ерлер арасында Сабыржан Аққалықов пен Нұрбек Оралбай, әйелдер арасында Назым Қызайбай мен Наталья Богданова олимпиадалық салмақ дәрежелеріне көтерілді. Бұл — Азия ойындары мен Олимпиада ойындарына дайындықтың бір кезеңі. Спортшыларымыз жаңа салмаққа бейімделіп, жақсы формада екенін көрсетті, — деді сарапшы.

КӨК БАЙРАҚТЫ КӨТЕРГЕН БЕСЕУ

Гуйян төріндегі дүбірлі дода Қазақстан үшін олжалы болғаны сөзсіз. Оған себеп ұлттық құрама бес алтын, үш қола медаль жеңіп алып, жалпы командалық есепте екінші орынға жайғасуымыз. Әсіресе, алтынға қол созған әр боксшының жеңіс жолы бөлек әңгіме.

Алтын керуеннің көшін бастағандардың бірі — Санжар Тәшкенбай. 50 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде сынға түскен ол финалда Өзбекстан өкілі Асилбек Джалиловпен кездесті. Бұл жекпе-жек екі ел бокс мектебінің, екі мінездің, екі намыстың айқасы болды. Төрешілердің екіге бөлінген шешімімен аяқталған тартысты кездесуде Санжардың қайсарлығы мен жинақылығы басым түсті.

Әйелдер құрамасының жарқын жеңістерінің бірі Назым Қызайбайдың еншісінде. 54 келі салмақта бек сынаған Назым финалда италиялық Сирина Чараабимен кездесті. Қазақстандық боксшы алғашқы екі раундта 4:1 есебімен басымдық танытып, төрешілер шешімімен жеңіске жетті.

Шаршы алаңдағы ең әсерлі сәттердің бірі Виктория Графееваның жекпе-жегінде тіркелді. 60



келі салмақта өнер көрсеткен қазақстандық боксшы финалда Қытай Тайбэйінің өкілі, Олимпиада чемпионы Лин Юй-Тинмен кездесті. Алғашқы екі раундта қарсыласы төрешілер есебі бойынша алда болды. Алайда отандасмыз қытайлық боксшының соңғы раундта нокаунға түсіріп, жеңісті өз қолымен жұлып алды.

70 келіге дейінгі салмақта Абылайхан Жүсіпов алтын тұғырдан көрінді. Финалда ол Үндістан өкілі Дипакты төрешілердің бірауыздан шығарған шешімімен жеңді. Абылайханның жекпе-жегі қазақ бокс мектебіне тән жинақылық пен техникалық басымдықтың үлгісі болды. Ол қарсыласына еркін көсілуге мүмкіндік бермей, ринг тізгінін өз қолында ұстады.

Ел қоржынына соңғы алтынды Айбек Оралбай салды. 90 келіден жоғары салмақ дәрежесінің финалында ол Германия өкілі Никита Путиловпен қолғап түйістірді. Айбек рингтегі әр қадамын есеппен басып, қарсыласына өз қарқынды қабылдатқан қазақстандық боксшы шешуші сәтте сыр бермей, алтын тұғырдан көрінді.

Қазақстан құрамасының қанжығасын қола жүлде иелері де толықтыра түсті. Аида Әбікеева 65 келіге дейінгі салмақта, Валерия Аksenova 80 келіге дейінгі салмақта, Дина Исламбекова 80 келіден жоғары салмақта үздік үштіктен көрінді.



70 КЕЛІДЕГІ ТАРТЫС

Әлем кубогындағы Абылайханның жеңісі аталған салмақта Азия ойындарына кім барады

деген мәселені қайта күн тәртібіне шығарды. Себебі қазір бұл салмақта бірден екі әлем чемпионы бар. Төрехан Сабырхан 2025 жылы World Boxing аясындағы әлем чемпионатында алтын алса, Абылайхан Жүсіпов желтоқсан айында IBA нұсқасы бойынша әлем чемпионы атанған еді.

Қазақстанның еңбек сіңірген жаттықтырушысы Жұмабек Өмірзақовтың пікірінше, Жапонияда өтетін Азия ойындарына баруға дәл қазіргі сәтте Абылайхан Жүсіпов лайық.

— Былтыр Жүсіпов Астанадағы Әлем кубогында жеңіліп қалды. Сол кезде бапкерлер Ливерпульдегі әлем чемпионатына статистикалық тұрғыдан жеңілісі жоқ Төрехан Сабырханды жіберді. Ал қазір жағдай басқаша. Төрехан Азия чемпионатында жеңіліс тапты, ал Абылайхан Әлем кубогында топ жарды. Ол Қытайда мықты бразилиялық боксшыны ұтты. Жалпы, оның бокс деңгейі өте жоғары, — дейді Жұмабек Өмірзақов.

Абылайхан Жүсіпов — тәжірибесі мол, 29 жастағы боксшы. Ол әлем біріншіліктерінің төрт дүркін жүлдегері, екі Олимпиада ойындарына қатысқан. Дегенмен Олимпиададағы сәтсіздіктер оның спорттық жолына қатысты түрлі пікір тудырғаны белгілі.

— Біздің елде Жүсіпов туралы сөз болғанда, көпшілік алдымен оның Олимпиада ойындарындағы сәтсіздігін еске алады. Бірақ мәселенің бір қыры бар: Абылайхан — өте ақылды боксшы, екінші нөмірмен жұмыс істеуді жақсы меңгерген спортшы еді. Кейін оны басқа мәнерге бейімдеп, өзгерткісі келді. Яғни, өзіне тән боксынан алыстатып жіберді. Қазір, меніңше, Абылайхан қайтадан өз боксына оралып келеді. Ол қарсы шабуылда өте сауатты қимылдайды, рингте оймен жұдырықтаспайды. Бұл жағынан ол Төреханнан әлдеқайда басым, — дейді бапкер.

Еңбек сіңірген жаттықтырушы Жүсіповтің басты артықшылығы ретінде оның тәжірибесін атайды.

— Кейбіреулер Сабырхан биыл мансабындағы алғашқы жеңісіне ұшырады дейді. Бұған күлесің. Менің ойымша, ол 2025 жылғы «Странджа кубогында» да екі рет жеңілген еді, бірақ төрешілер басқаша шешім шығарды. Азия чемпионатының финалы Төреханның кейде артық ойнап кететінін көрсетті. Оны айламен алдап, қарқынды басып, ұтуға болады. Ал Жүсіпов — тәжірибелі, көпті көрген боксшы. Ол рингте артық тәуекелге бармайды, өз жоспарын нақты орындайды. Сондықтан оның Азия ойындарында жеңіске жету мүмкіндігі жоғары, — деп түйіндеді Жұмабек Өмірзақов.

ТӨРЕШІ ЖЫРЫ ӘЛІ ЖАЛҒАСУДА

Спорт сарапшысы Аслан Каженовтің айтуынша, жарыс барысында төрешілікке қатысты даулы сәттер аз болған жоқ.

— Кейбір жекпе-жектерде шешімдердің түсініксіз шыққаны, боксшылардың еңбегі толық бағаланбағаны байқалды. Жалпы, төрешілік мәселесі — бокста бұрыннан айтылып келе жатқан күрделі мәселе. World Boxing ұйымы осы олқылықтарды азайтуға, жарысты барынша әділ өткізуге күш салып жатыр. Дегенмен бұл бағытта әлі де атқарылатын жұмыс көп. Қазір төрешілік жүйесіне өзгерістер енгізіліп жатқанын көріп отырмыз. Мәселен, қолғапқа чип орнату тәжірибесі алғаш рет тәстілік форматта қолданылды. Бұған қоса, жасанды интеллект мүмкіндіктері де қарастырылып жатыр. Ринг жанындағы төрт камера арқылы



жекпе-жекте әр қырынан бақылау, соққыларды нақты есептеу, даулы сәттерді қайта саралау секілді тетіктер де сынақтан өтуде. Мұның бәрі ұпай есептеу жүйесін ашық әрі әділ етуге бағытталған қадамдар деп ойлаймын, — дейді спорт сарапшысы.

Алдағы уақытта World Boxing бұл технологияларды тұрақты түрде енгізу немесе енгізу жөнінде нақты шешім қабылдайды. Қалай болғанда да, мұндай жаңашылдықтар төрешілікке қатысты күмәнді азайтуы тиіс. Себебі бұл жарыста біздің ғана емес, өзге елдердің де боксшылары бірқатар түсініксіз шешімге тап болды. Ең бастысы, осындай сәттер спортшылардың жігерін жасытып, еңсесін түсірмесе екен дейміз. Боксшы үшін ең ауыр нәрсе — шаршы алаңда барын салып тұрып, еңбегінің әділ бағаланбауы.

Ташкентте өтетін финалдық кезеңнің алдында Гуйяндағы жеңіс қазақ боксшыларына үлкен сенім сыйлады. Әлемдік рейтинг ұпайлары сарапқа түскен дүбірлі додадан Қазақстан құрамасының осындай олжамен оралуы алдағы финалдық кезеңге деген үмітті де, жауапкершілікті де арттыра түскені анық.

C. БЕГІМБАЙ

ТӨРТ ҚҰРЛЫҚ АСТАНАҒА ЖИНАЛАДЫ

Халықаралық конькишілер одағының (ISU) шешімімен Астана 2027 жылы мәнәрлеп сырғанаудан Төрт құрлық чемпионатын өткізетін қала ретінде ресми түрде бекітілді.



Жарыс 2027 жылғы 9-14 ақпан аралығында өтеді. Астанаға Азия, Америка, Африка және Мұхит аймағының үздік мәнәрлеп сырғанаушылары жиналады. Турнирді өткізу Қазақстан үшін де, мәнәрлеп сырғанаудың жаһандық дамуы үшін де маңызды оқиға болмақ.

Төрт құрлық чемпионаты Қазақстан үшін мәнәрлеп сырғанаудан ең ірі турнир болғалы тұр. Бұған дейін еліміз 2011 жылғы қысқы Азия ойындарын және 2017 жылғы қысқы Универсиаданы жоғары деңгейде қабылдаған болатын. Аталған жарыстардың бағдарламасына да мәнәрлеп сырғанаудан бәсекелер енгізілген еді.

СЕМСЕРЛЕСУШІЛЕР — ҮЗДІК ҮШТІКТЕ

Үндістанның Дели қаласында өтіп жатқан семсерлесуден 2026 жылғы Азия чемпионатында командалық жарыстар басталды.



Қазақстандық қылышышлар күрлық біріншілігінде үшінші орын алып, ел қоржынына кезекті медаль салды.

Турнир барысында Қазақстан құрамасы Иранды (45:33) және Өзбекстанды (45:43) жеңді. Алайда жартылай финалда қазақстандық спортшылар Олимпиада чемпиондары саналатын Оңтүстік Корея құрамасына 34:45 есебімен есе жіберді. Нәтижесінде команда жарысты қола медальмен аяқтады. Жүлдегерлер қатарында Артем Саркисян, Жанат Нәбиев, Нұрмұхаммед Жайлыбай және Назарбай Саттархан бар. Айта кетейік, бұған дейін осы чемпионатта шағашы Ирина Бакалдина алтын медаль жеңіп алса, Руслан Курбанов қола жүлдегер атанған болатын.

ГИМНАСТИКАДАН ҚҰРАМ БЕКІТІЛДІ

Қытайдың Цзуньни қаласында өтетін әйелдер арасындағы спорттық гимнастикадан Азия чемпионатына қатысатын Қазақстан құрамасының құрамы жарияланды.

Ересектер арасындағы жарыста Дарья Ясинская, Эвелина Жева, Амели Нукушева, Амина Халимарден және Радмила Тарасова ел намысын қорғайды.

Ал күрлық біріншілігінде жасөспірімдер құрамасы сапында Ева Тациева, Илана Раздыкова, Ульяна Пухова, Екатерина Лебедь және Саида Қасымжанова өнер көрсетеді.

Азия чемпионаты 25-28 маусым аралығында өтеді.



AMANAT
MEDIA GROUP

AIQYN

Меншік иесі — «Айқын-Литер» ЖШС

Директор —
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор —
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС —
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Мадияр ТӨЛЕУ —
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА —
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Албап АЛПЫСАЙҰЛЫ —
Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ —
Алматы қаласы
Сағатхан САТЫЛҒАН —
Жамбыл облысы
Әдінбет БЕЛГІБАЙҰЛЫ —
Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК —
Шымкент қаласы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ —
Қызылорда облысы
Банн ЖАНЖАҚ —
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін — 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін — 55102
Жеке жазылушылар үшін — 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМЕ:
8(701) 675-42-14, 8(777) 72-95-31
rek@ama.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМЕ:
8(771) 804-61-32
podpiska.ait@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4754
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(777) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,